

МИНОБРНАУКИ РОССИИ
Федеральное государственное бюджетное образовательное учреждение
высшего профессионального образования
«Челябинский государственный университет»
(ФГБОУ ВПО «ЧелГУ»)

Костанайский филиал

А.С. Айткалиева

**«Қазақстантану» тақырыбы бойынша мәтіндер мен
тапсырмалар жинағы**

(Сборник текстов и заданий по теме «Қазақстантану»)

Учебное пособие

«Рекомендовано УМО РАЕ по классическому
университетскому и техническому образованию
в качестве учебного пособия для студентов высших
учебных заведений, обучающихся по направлениям
подготовки: 45.03.01 Филология, 45.03.02 Лингвистика,
45.05.01 Перевод и переводоведение»

Костанай, 2016

УДК 811.512.122 (075.8)
ББК 81.2 (5 каз.) я 73
К 14

Печатается по решению
Учебно-методического совета
Костанайского филиала
ФГБОУ ВПО «ЧелГУ»

Рецензенты:

Нурмухаметова К.Т., кандидат филологических наук, доцент, заведующий кафедрой практической лингвистики Костанайского государственного педагогического института.

Шалгимбекова К.С., кандидат педагогических наук, заведующий кафедрой филологии Костанайского филиала ФГБОУ ВПО «ЧелГУ»

Составитель: Айткалиева А.С., старший преподаватель кафедры филологии

К 14 Казахский язык: Сборник текстов и заданий по теме «Қазақстантану» [текст]/ Сост. А.С. Айткалиева – Костанай: Костанайский филиал ФГБОУ ВПО «ЧелГУ». 2016 – 108 с.

ISBN 978-601-7798-08-6

Настоящее пособие предназначено для студентов языковых специальностей, содержит тексты познавательного характера о национальной культуре, традициях и обычаях казахского народа. Предлагаемые задания и упражнения активизируют самостоятельную подготовку обучающихся, способствуют обогащению словарного запаса. Для самоконтроля в конце пособия даны тестовые задания.

УДК 811.512.122 (075.8)
ББК 81.2 (5 каз.) я 73

ISBN 978-601-7798-08-6

© Айткалиева А.С., 2016
© Костанайский филиал
Федеральное государственное бюджетное
образовательное учреждение
высшего профессионального образования
«Челябинский государственный университет»

Түсініктеме

Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіл қазақ тілі болып табылады. Жоғарғы оқу орнымыз «Челябі мемлекеттік университеті» ЖКББ МББМ Ресей жоғарғы оқу орнының филиалы болғандықтан, қазақ тілі пәні филология факультетінің студенттері үшін таңдап алған курс ретінде оқытылады. Қазақ тіліне үйрету білім беру кеңістігіндегі мемлекетаралық байланыстарды нығайтуға ықпал етеді. «Қазақстантану» тақырыбы аталған курстың оқу бағдарламасымен қарастырылған.

Аталмыш оқу құралының мақсаттары мен міндеттері - студенттердің ой өрісін кеңейту, туған жер туралы білімдері мен түсініктерін тереңдету, олардың бойында патриоттық сезім қалыптастыру.

Оқу құралында қазақ халқының ұлттық мәдениеті, салт – дәстүрі, әдеп – ғұрыпына қатысты танымдық мәнге ие мәтіндер топтастырылған. Грамматикалық тапсырмалар студенттердің өзіндік жұмысын қамтиды. Мәтінге берілген тапсырмаларды орындай отыра, студенттер сөздік қорын байытады да көпмағыналы сөздерді меңгереді. Мәтіндерді өз бетінше аудару және мазмұнын әңгімелеу білім алушылардың еске сақтау қабілетін жаттықтырады. Ұлттық мәдениетті, салт – дәстүр мен әдеп – ғұрыпты тереңірек зерттеп білу көп мәдениетті тұлғаны қалыптастыруға ықпал етеді.

Тапсырмалар құрастыру барысында қазақ тілінің грамматикалық жүйесінің ерекшеліктері туралы түсінік беру және студенттердің лексика, морфология, синтаксис салалары бойынша білімдерін жетілдіру ескерілді. Қосымша материал іздестіру жұмысы білімгерлердің ойлау қызметін дамытады, ауызша және жазбаша дағдыларын қалыптастырады. Тапсырмалар студенттерді мәтін мазмұны бойынша өзінше талдау және қорытынды жасауға үйрету мақсатында құрастырылған.

Пояснительная записка

В Республике Казахстан государственным языком является казахский язык. В связи с тем, что вуз является филиалом российского вуза - ГОУ ВПО «Челябинский государственный университет», дисциплина «Казахский язык» изучается студентами языковых специальностей как дисциплина национально-регионального компонента. Обучение казахскому языку способствует укреплению межгосударственных связей в образовательном пространстве. Тема «Қазақстантану» предусмотрена рабочей программой курса.

Целью и задачей настоящего пособия являются расширение кругозора студентов, углубление их представлений и знаний о родной стране, воспитание патриотических чувств через преподавание дисциплины.

Учебное пособие содержит тексты познавательного характера о национальной культуре, традициях и обычаях казахского народа. Грамматические задания предусматривают самостоятельную подготовку студентов. Выполняя задания к текстам, студенты обогащают словарный запас, усваивают многозначные слова. Самостоятельный перевод и пересказ текстов тренируют память обучающихся. Более глубокое изучение национальной культуры, традиций и обычаев способствует формированию поликультурной личности.

Задания составлены так, чтобы студенты имели возможность получить представление об особенностях грамматической системы и расширить знания по лексике, морфологии и синтаксису казахского языка. Работа по поиску дополнительного материала к текстам способствует развитию мыслительной деятельности обучающихся, формированию навыков устной и письменной речи. Задания разработаны с целью обучить студентов анализировать и делать самостоятельные выводы по содержанию текста.



Қазақстан Республикасы туралы жалпы мәлімет

Қазақстан Республикасы Еуразияның орталық бөлігінде орналасқан тәуелсіз мемлекет.

Аумағы – 2724 мың шаршы шақырым. Халқының саны 16 миллионнан астам. Қазақстанда

қазақтар – 63%, орыстар – 27%, украиндер – 3,7%, өзбектер – 2,5%, немістер – 2,4%, ұйғырлар – 1,4%, кәрістер – 0,7% және тағы басқа ұлттар – 5,9% тұрады.

Мемлекеттік тіл – қазақ тілі, орыс тілі ұлтаралық қатынас қызметін атқарады.

Қазақстан Республикасы зайырлы, демократиялық және біртұтас мемлекет болып табылады.

Діни нанымның бағыттары ислам және христиан діндері. Сонымен қатар буддизм және индуизм секілді әлемдік діни конфенцияларын жақтаушылар да бар.

Елордасы – Астана қаласы.

Мемлекет басшысы – Президент.

Заң шығаратын жоғары органы – Сенат және Мәжілістен тұратын Парламент.

Атқарушы билігі – Республика Үкіметі.

Ақша бірлігі – теңге.

Республика аумағы батыстан шығысқа қарай 3 мың шақырым және солтүстіктен оңтүстікке қарай 1 мың шақырымға созылып жатыр. Қазақстан батысы мен солтүстігінде Ресей Федерациясымен, оңтүстігінде Түркменстанмен, Өзбекстан және Қырғызстанмен, шығысында Қытаймен шектеседі. Мемлекет шекарасының жалпы ұзындығы 15 мың шақырымнан астам. Қазақстан 2,7 шаршы шақырым жер көлемімен дүние жүзінде 9-шы орында тұр.

Елдің жер бедері өте алуан түрлі. Егер Қазақстан аумағына ғарыштан көз салатын болсақ, онда біз мұздықтармен жамылған биік тауларды, төбелерді

және қыраттарды көреміз. Кең байтақ жазықтар мен ойпаттар бейне бір жасыл жолақтай созылған. Теріскейінде Батыс Сібір жазығынан бастап, күнгейінде Тянь-Шань тауларына дейін созылған ел батыстағы Еділ өзенінің төменгі жағасынан шығыстағы Алтайға дейін көсіліп жатыр.

Қазақстан мұхиттардан алшақ жатыр. Аумағының ұзындығына байланысты Қазақстанның климаты шұғыл континенттік және белдеулік болып табылады. Солтүстік аудандарында қыс өте суық және ұзақ болады. Арктикалық ауаның енуінің нәтижесінде минус 40-45° дейін жететін аяздар болып тұрады. Қар аз, бірақ боран мен бұрқасындар болып тұрады. Қазақстанның солтүстігінде қыста ауа температурасы орта шамамен минус 20° төңірегінде болады. Орталық аудандарында қыс қоңыржай салқын, ал оңтүстігінде жылы және жұмсақ.

Тапсырмалар:

1. *Мәтінді оқып, аударыңыз.*

2. *Мына сөздерге назар аударыңыз, жаттаңыз.*

айналу - превращаться

егемендік- суверенитет

мемлекет - государство

жариялау-провозгласить, объявить, провозглашение

қауымдастық- сообщество

шектесу-иметь общую границу

шекара – граница

әкімшілік- администрация

3. *Мәтін бойынша сұрақтар құрастырып, жауап беріңіз.*

4. *Мәтінге жоспар жасап, мазмұндаңыз.*

5. *Мына сөз тіркестерін оқып, орыс тіліне аударыңыз.*

Еуразияның орталық бөлігінде, тәуелсіз мемлекет, зайырлы, демократиялық және біртұтас мемлекет, діни нанымның бағыттары, жер бедері өте алуан, шекараның жалпы ұзындығы, өзеннің төменгі жағасынан, орталық аудандарында.

6. *Сөйлемдерде септік жалғауы бар сөздердің жалғауын сызып, қай септікте тұрғанын белгілеңіз.*

Қазақстан мұхиттардан алшақ жатыр. Аумағының ұзындығына байланысты Қазақстанның климаты шұғыл континенттік және белдеулік болып табылады. Солтүстік аудандарында қыс өте суық және ұзақ болады. Орталық аудандарында қыс қоңыржай салқын, ал оңтүстігінде жылы және жұмсақ. Республика аумағы батыстан шығысқа қарай 3 мың шақырым және солтүстіктен оңтүстікке қарай 1 мың шақырымға созылып жатыр. Қазақстан батысы мен солтүстігінде Ресей Федерациясымен, оңтүстігінде Түркіменстанмен, Өзбекстан және Қырғызстанмен, шығысында Қытаймен шектеседі.

7. *Берілген сөздерге синонимдер табыңыз.*

Жылы, ...

Шұғыл, ...

Әр алуан, ...

Аумақ, ...

Елорда, ...

Алыс, ...

Жақын,

8. *Мына сөйлемдерге грамматикалық талдау жасаңыз.*

Республика аумағы батыстан шығысқа қарай 3 мың шақырымға созылып жатыр. Солтүстіктен оңтүстікке қарай 1 мың шақырымға созылып жатыр. Қазақстан батысы мен солтүстігінде Ресей Федерациясымен шектеседі. Оңтүстігінде Түркіменстанмен, Өзбекстан және Қырғызстанмен шектеседі. Шығысында Қытаймен шектеседі. Мемлекет шекарасының жалпы ұзындығы 15 мың шақырымнан астам. Қазақстан 2,7 шаршы шақырым жер көлемімен дүние жүзінде 9-шы орында тұр.

9. *Көп нүктенің орнына керекті сөздерді септік жалғауларын қосып жазыңыз.*

Қазақстан Республикасы Еуразияның орталық ... орналасқан тәуелсіз мемлекет. Қазақстан ... алшақ жатыр. Мұздықтармен жамылған биік ..., ... және қыраттарды көреміз. Діни ... бағыттары ісләм және христиан діндері. Еліміз шығысында Қытай ... шектеседі.

Керекті сөздер: бөлігі, наным, мұхиттар, таулар, төбелер, мемлекеті.

10. *«Менің туған өлкем» тақырыбына шағын шығарма жазыңыз.*



Туған елім менің – Қазақстаным

Қазақстан Республикасы 1920 жылы 20 тамызда құрылды және алғашқы кезде Қырғыз АССР-і деп аталып, РСФСР-дің құрамына кірді. 1936 жылы 5 желтоқсанда одақтас республикаға айналды.

1990 жылдың 25 қазанында Қазақ Советтік Социалистік

Республикасының мемлекеттік егемендігі туралы Декларация қабылданды. Еліміз егеменді мемлекет болып жарияланды.

Ал 1991 жылғы 16 желтоқсан еліміздің тарихында алтын әріптермен жазылды. Қазақстан Республикасы бұл күні тәуелсіз мемлекет ретінде дүниежүзілік қауымдастықтан өз орнын алды.

Біздің туған жеріміз – Қазақстан Республикасы. Бұл ел Еуразияның орталығында орналасқан, ұзақ тарихы бар ел. Ежелгіден қазақ халқын дана адамдар басқарады. Қаһарман қолбасшылар, айбынды батырлар кең байтақ жерімізді жаудан қорғады. Қазақ халқы – ержүрек, бауырмал, қонақжай халық.

Қазақстанда негізінен қазақ халқы тұрады. Дегенмен, қазіргі Қазақстан Республикасы - әртүрлі халық өкілдері бейбіт тұрып жатқан мемлекет.

Еліміздің ұлан байтақ даласында есепсіз байлық бар, бұл – сирек кездесетін жануарлар мен өсімдіктер, пайдалы қазбалар. Қазақстанда Азия мен Еуропаның қалаларынан қалмайтын Астана, Алматы сияқты көрікті қалалар бар.

Қазақстан Республикасы 1991 жылы өзінің тәуелсіздігін жариялап мемлекет болды. Бұл күнді желтоқсан айының 16 – сында мерекелейді. Қазақстанды бүкіл әлем таниды. Ол дүниежүзінің көптеген елдерімен достық байланыс орнатты. 1991 жылдың желтоқсан айының 21-інде Алматы декларациясында Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД) құрылды.

1992 жылдың наурыз айының 2 - сінде Қазақстан Республикасы Біріккен Ұлттар Ұйымына (БҰҰ) мүше болды. 1992 жылы мемлекеттік рәміздер

қабылданды. Мемлекеттік рәміздер мыналар: Ту, Елтаңба, Әнұран. 1993 жылдың қараша айының 15 - інде мемлекеттік төл валюта – теңге енгізілді.

1995 жылдың тамыз айының 30 - ында Қазақстан Республикасының Конституциясы – Ата Заңы қабылданды.

Тапсырмалар:

1. Мәтінді оқып, аударыңыз.

2. Мына сөздерге назар аударыңыз, жаттаңыз.

айналу - стал, становится

егемендік - суверенитет

мемлекет – государство

оңтүстік - юг

солтүстік – север

шығыс - восток

батыс - запад

ел - страна

теңіз - море

шекара - граница

жариялау - провозгласить, объявить, провозглашение

қауымдастық - сообщество

шектесу - иметь общую границу, граничить

әкімшілік - администрация, административный

3. Мәтінді пайдаланып сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Қазақстан Республикасы қай жылы құрылды?
2. Алғашқы кезде қалай аталды және ненің құрамына кірді?
3. Қай жылы одақтас республикаға айналды?
4. 1990 жылы 25 қазанда қандай Декларация қабылданды?
5. Еліміз Тәуелсіз мемлекет болып қашан жарияланды?
6. Қазақстан солтүстігінде қай мемлекетпен шектеседі?
7. Оңтүстігінде Республикамыз қандай елдермен шектеседі?
8. Шығысында қандай мемлекетпен шектеседі?
9. Еліміздің батысында қандай теңіз бар?

10. Жерінің көлемі қандай?

11. Халқының саны қанша?

4. Мемлекеттік мерекелерді есте сақтаңыз.

30 тамыз	Ата Заң күні
16 желтоқсан	Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні
1 қаңтар	Еуропаша жаңа жыл
22 Наурыз	Наурыз мейрамы
1 Мамыр	Қазақстан халқының Бірлігі мерекесі
7 Мамыр	Отан қорғаушылар күні
9 Мамыр	Жеңіс күні
6 шілде	Елордамыз Астана күні

5. Сандарды сөйлетіңіз.

1920 жылы 20 тамызда –

1936 жылы 5 желтоқсанда –

1990 жылдың 25 қазанында –

1991 жылғы 16 желтоқсан –

2724,9 мың шаршы шақырым –

16854 мың –

1995 жылдың 30 тамызында –

1993 жылдың 15 қарашасында –

1992 жылдың 2 наурызында –

6. Етістіктердің астын сызып, қай шақта тұрғанын белгілеңіз.

Қазақстан Республикасы 1991 жылы өзінің тәуелсіздігін жариялап мемлекет болды. Бұл күнді 16 желтоқсан күні мерекелейді. Қазақстанды бүкіл әлем таниды. Ол дүниежүзінің көптеген елдерімен достық байланыс орнатты.

1991 жылдың 21 желтоқсанында Алматы декларациясында Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД) құрылды. Қазақстан Республикасы 1920 жылы 20 тамызда құрылған.

7. Мына сөйлесімді оқып жалғастырыңыз.

- Александр, сен қай жерде тудың, қайда өстің?

- Мен Батыс Қазақстаннанмын. Орал қаласында туып - өстім. Қостанайға жоғары білім алу үшін келдім. Сен ше?

- Мен Челябинденмін. Қазақстанға қазақ тілін үйренейін деп келдім. Қазақстан туралы өте көп әжем әңгімелейді, өзім де газет-журналдар арқылы жиі оқимын, бірақ өз көзіммен көргім келеді.

- Жарайсың, Николай. Қазақстанның қай жерінде болдың?

- Қазақстанның солтүстігінде ғана болдым. Жазғы демалыста оңтүстікке қарай барсам ба деп жүрмін.

- Мен сені Батыс Қазақстанға қонаққа шақырамын. Бұл аймақта

8. Сөйлемді аяқтап жазыңыз.

Біздің туған жеріміз – Бұл ел Еуразияның Оның ұзақ ... бар ел. Ежелгіден қазақ халқын дана адамдар Қаһарман қолбасшылар, айбынды батырлар кең байтақ жерімізді ... қорғады. Қазақ халқы – ержүрек, бауырмал, қонақжай

9. Мемлекетіміздің географиялық картасына қарап, мыналарды көрсетіңіз.

а) Қазақстанның астаналарын;

ә) Қазақстанның облыстарын және ірі қалаларын;

б) Пайдалы кендерді иегеру барысында салынған Қазақстанның жаңа қалаларын;

в) Қазақстанның теңіздерін, ірі өзендері мен көлдерін;

г) Қазақстанның тауларын, кең байтақ даласы Сарыарқаны, шөл мен шөлейтті.

10. Қостанай облысы туралы сипаттама жазыңыз.



Қазақстан

Қазақстан – егеменді тәуелсіз мемлекет. 1991 жылы желтоқсанның 1-інде Н. Ә. Назарбаев Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті болып сайланды.

Қазақстан - көпұлтты егеменді мемлекет. Халқының саны 17 миллионнан асады. Археологтардың айтуы бойынша, Қазақстан жерін алғашқы адамдар бұдан 300 мың жыл бұрын мекендеген. Қазіргі Қазақстанның

14 облысында 126 ұлттың өкілдері тұрады.

Қазақстан батысында Каспий ойпаты, шығысында Алтай тауларына дейін үш мың шақырымға, солтүстігінде Батыс Сібір, оңтүстігінде Тянь-Шань шындарына дейін бір мың бес жүз шақырымға созылып жатыр.

Жер көлемі 2,7 миллион шаршы шақырымнан асады.

Республика жерінің үлкендігі соншалық – оның, оңтүстігі мен солтүстігі, батысы мен шығысындағы табиғаты бір - біріне ұқсамайды. Оңтүстігінде жемістер гүлдеп , жер бетін астық жапқанда, солтүстігінде әлі қар жатады.

Республиканың оңтүстік аудандарында күріш, қант қызылшасы, мақта, жүзім, алма, қарбыз, қауын, әр түрлі дәрілік шөптер мен толып жатқан өсімдіктер өсіріледі. Бұл аймақта жаңбыр өте аз жауады, жазы ыстық және құрғақ болады. Оның үстіне бұлардың барлығы да суды өте көп қажет етеді. Іле, Шу, Сырдария өзендерінің мол суы - бұл аймақтың байлығы.

Республиканың солтүстігінде астық пен көкөністер жақсы өседі. Бұл өсімдіктерге су аса көп қажет емес. Мұнда күн ыстық емес, жаңбыр да жиі жауып тұрады.

Қазақстан жері пайдалы кендерге өте бай, жер шарында кездесетін кен байлықтарының бәрі бар. Олар: темір рудасы, түсті және асыл металдар (мыс, қорғасын, қалайы, күміс, алтын және т.б.), көмір, мұнай, фосфориттер.

Осыларды игеру барысында жаңа қалалар пайда болды. Олар: Арқалық, Балқаш, Жезқазған, Қарағанды, Қаратау, Теміртау, Ақтау, Кентау және тағы басқа үлкен қалалар.

Қазақтар бұрын көшпенді ел болып, мал шаруашылығымен айналысты. Бүгінгі Қазақстан ауыр индустриясы мен ауыл шаруашылығы дамыған, жоғары мәдениетті, білімді ел.

Тапсырмалар:

1. Мәтінді оқып, аударыңыз.

2. Мына сөздерге назар аударыңыз, жаттаңыз.

егеменді – суверенный	асыл – драгоценный
асу – превышать	мыс – медь
алғашқы – первый	қорғасын – свинец
мекендеу – населять	қалайы – олово
өкіл – представитель	көмір – уголь
ойпат – низменность	мұнай – нефть
шың - пик	игеру барысында – во время
созылып жатыр – простирается	освоения
жер көлемі – площадь	пайда болу – появляться
шаршы шақырым – кв. км.	көшпенді – кочевой
табиғат - природа	мал шаруашылығы –
астық – зерно	скотоводство
мақта – хлопок	айналысу – заниматься
өсімдік – растение	дамыған – развитой
өсірілу – выращиваться	жоғары мәдениетті –
аймақ – регион	высококультурный
оның үстіне – кроме того, более того	айналу – превращаться
қажет ету – нуждаться	тәуелсіз – независимый
байлық – богатство	тұңғыш – первый
пайдалы кен – полезные ископаемые	сайлану - избираться
жер шары – земной шар	
түсті – цветной	

3. Жаңа сөздерге сөзжұмбақ жасаңыз.

4. Мәтінді пайдаланып сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Қазақстан қандай мемлекет?
2. Халқының саны қанша?
3. Қазақстан жерін алғашқы адамдар қашан мекендеген?
4. Қазақстанда неше облыс бар?
5. Жерінің көлемі қанша?
6. Табиғаты қандай?
7. Республиканың оңтүстік аудандарында не өсіріледі?
8. Еліміздің солтүстігінде не өседі?
9. Қазақстан жері қандай пайдалы кендерге бай?
10. Қандай жаңа қалалар салынды?
11. Бүгінгі Қазақстан қандай ел?
12. Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті кім және қашан сайланды?

5. Сөйлемдерді толықтырып жазыңыз.

Республиканың ... күріш, қант қызылшасы, мақта, жүзім, алма, қарбыз, қауын, әр түрлі дәрілік шөптер мен толып жатқан ... өсіріледі. Бұл ... жаңбыр өте аз жауады, жазы ... және құрғақ болады. Оның үстіне бұлардың барлығы да ... өте көп қажет етеді. Іле, Шу,

Сырдария өзендерінің мол суы - бұл аймақтың Республиканың ... астық пен көкөністер ... өседі. Бұл ... су онша көп қажет емес. Мұнда күн ... емес, жаңбыр да ... жауып тұрады. Қазақстан жері ... кендерге өте бай, жер шарында кездесетін кен байлықтарының, ... бар.

6. Мына сөйлемдерге грамматикалық талдау жасаңыз.

1. Бүгінгі Қазақстан - көп ұлтты егеменді мемлекет. 2. Қазақтар бұрын көшпенді ел болып, мал шаруашылығымен айналысты. 3. Республиканың солтүстігінде астық пен көкөністер жақсы өседі. 4. Қазіргі Қазақстанның 14 облысында 126 ұлттың өкілдері тұрады. 5. Қазақстан жері пайдалы кендерге өте бай, жер шарында кездесетін кен байлықтарының, бәрі бар. 6. Қазақстан ауыр индустриясы мен ауыл шаруашылығы дамыған, жоғары мәдениетті, білімді ел.

7. Мына сөздерді қазақ тіліне аударыңыз және оларды пайдаланып көршіңізге сұрақ қойып, жауабын тыңдаңыз.

Площадь, суверенный, численность населения, природа, полезные ископаемые, развиваться, первый Президент, новые города, выращивают зерно и овощи, простирается с запада на восток.

8. Қазақстанның Солтүстігі туралы сипаттама жазыңыз.

9. Батыс Қазақстан туралы не білесіз? Шағын әңгіме жазыңыз.

10. Қазақстанның орталық бөлігі мен оңтүстігі туралы презентация жасап, айтып беріңіз.



Қазақстан Республикасының табиғаты

Қазақстанның аумағы батысында Волганың төменгі ағысынан шығысында Алтайға дейін 3000 шақырымға созылып жатыр. Ал солтүстікте Батыс Сібір жазығынан оңтүстікте Тянь-Шаньға дейін 2000 шақырымға жуық қашықтыққа созылады. Қазақстанның оңтүстік - шығысында биіктігі 7000 м. жететін Хан-Тәңірі тау массиві бар. Қазақстан Республикасы Еуразия материгінің ортасында орналасқан.

Қазақстанның жер беті әр алуан. Онда басын мұз басқан биік таулар да, биіктігі орташа таулы қыраттар да, кең байтақ жазықтар мен ойпаттар да бар.

Республиканың оңтүстік-батысында Маңғыстау түбегі орналасқан. Маңғыстаудың шығысында Үстірт шөлді қыраты (биіктігі 340м-ге дейін) бар. Каспий маңы ойпатының солтүстік - шығысында Орал тауының оңтүстік сілемдері мен Мұғалжар (биіктігі 657м.) таулары бар. Ал Мұғалжардың солтүстік - шығысында Торғай қыраты (биіктігі 200-400м.) бар, бұл қырат оңтүстікте Тұран ойпатына ұласады. Тұран ойпатына Қызылқұм (биіктігі 53-332м.) кіреді.

Арал теңізінен солтүстікке қарай Үлкен және Кіші Борсыққұм массивтері және Арал маңы Қарақұмы жатыр.

Қазақстанның орталық бөлігін Сарыарқа алып жатыр. Ол ескі таулардың жұрнағы сияқты. Сарыарқада Қарқаралы (1.366м.), Ұлытау (1.133м.) т.б. тау массивтері бар. Сарыарқаның оңтүстік бөлігі бірте-бірте сусыз шөл Бетпақдалаға ұласады. Оның оңтүстігінде Мойынқұм жатыр. Бетпақдаланың шығысында үлкен аймақ бар. Ол аймақ Балқаш көліне құятын 7 өзенге байланысты Жетісу деп аталады.

Республиканың шығысында, оңтүстік-шығысында Алтай тауларының сілемдері, Тарбағатай мен Жоңғар Алатауының, (4.463м.) жоталары орналасқан. Сонымен бірге Тянь - Шаньның жоталары бар. Олар: Кетпен (3.638м.), Шу - Іле таулары (1.520м.), Іле Алатауы (7.973м.), Қырғыз жотасы (3.817м.), Талас Алатауы .448м.) және Қаратау (2.176м.).

Тапсырмалар:

1. Мәтінді оқып, аударыңыз.

2. Мына сөз тіркестеріне назар аударып, жаттаңыз.

төменгі (жоғарғы) ағысы — нижнее (верхнее) течение

таулы қырат, шөлді қырат — гористая возвышенность, пустынная возвышенность

кең байтақ ұлан жазық – обширные, просторные степи

ойпат – низменность

сусыз шөл – безводная пустыня

тау сілемдері – горные отроги

Алтай жоталары – Алтайские хребты

3. Сөз тіркестерімен сөйлемдер құраңыз.

Ескі таулар, кең байтақ жазық, жер беті алуан, біркелкі аймақ, сусыз шөл, таулы қырат, жасыл ойпат, көркем өлке, созылып жатыр, оңтүстік-батыс, солтүстік-шығыс, Қарақұм шөлі, Торғай қыраты, Сарыарқа даласы, биік таулы аймақ, төменгі ағысы, әдемі табиғат.

4. Мына сөйлемдерді орыс тілінен қазақ тіліне аударыңыз.

1. На территории Казахстана сменяется несколько ландшафтных зон: лесостепная, степная, полупустынная и пустынная.
2. На западе территория Казахстана граничит с Каспийским морем, на востоке – с таежным Алтаем, а на юге – с высокими вершинами Тянь-Шаня.
3. В Казахстане три крупные реки – Иртыш, Или, Ишим.
4. Западная часть Казахстана почти равнинная, а восточная – преимущественно гористая.
5. Песчаные пустыни представлены в Казахстане такими массивами, как Кызылкум, Моюнкум, песками Южного Прибалхашья и Приаральскими Каракумами.
6. Плато Устюрт, расположенное между Каспийским и Аральскими морями, представляет собой пустынную равнину.
7. Великолепны степи Казахстана и весьма своеобразны пустыни.

5. Мәтінге сұрақтар құрастырып, жауап беріңіз.

6. Мына сөйлемдерге грамматикалық талдау жасаңыз.

1. Республиканың шығысында, оңтүстік-шығысында Алтай тауларының сілемдері, Тарбағатай мен Жоңғар Алатауының жоталары орналасқан.
2. Сонымен бірге Тянь - Шаньның жоталары бар.
3. Қазақстанның орталық бөлігін Сарыарқа алып жатыр.
4. Ол ескі таулардың жұрнағы сияқты.
5. Сарыарқада Қарқаралы, Ұлытау массивтері бар.

7. Сөйлемдерде септік жалғаулары мен тәуелдік жалғауларын белгілеңіз.

Қазақстанның аумағы батысында Волганың төменгі ағысынан шығысында Алтайға дейін 3000 шақырымға созылып жатыр. Ал солтүстікте Батыс Сібір жазығынан оңтүстікте Тянь-Шаньға дейін 2000 шақырымға жуық қашықтыққа созылады. Қазақстанның оңтүстік - шығысында биіктігі 7000 м жететін Хан-Тәңірі тау массиві бар. Қазақстан Республикасы Еуразия материгінің ортасында орналасқан. Қазақстанның жер беті әр алуан. Онда

басын мұз басқан биік таулар да, биіктігі орташа таулы қыраттар да, кең байтақ жазықтар мен ойпаттар да бар.

8. *Мына сөйлемдерге әр түрлі сұрақ қойыңыз.*

Республиканың оңтүстік-батысында Маңқыстау түбегі орналасқан. Маңқыстаудың шығысында Үстірт шөлді қыраты (биіктігі 340 м-ге дейін) бар. Каспий маңы ойпатының солтүстік - шығысында Орал тауының оңтүстік сілемдері мен Мұғалжар (биіктігі 657 м.) таулары бар. Ал Мұғалжардың солтүстік - шығысында Торғай қыраты (биіктігі 200-400 м.) бар, бұл қырат оңтүстікте Тұран ойпатына ұласады. Тұран ойпатына Қызылқұм (биіктігі 53-332 м) кіреді. Арал теңізінен солтүстікке қарай Үлкен және Кіші Борсыққұм массивтері және Арал маңы Қарақұмы жатыр.

9. *«Еліміздің табиғаты» тақырыбына диалог құрастырыңыз.*

10. *Мәтінге жоспар құрастырып, мазмұндаңыз.*



Адам және табиғат

Біздің ата – бабаларымыз өздері тұрған өлкенің табиғи ерекшелігі мен табиғат тылсымын терең бақылап, оларды өз өмірлерімен, қоғам өмірімен байланыстырып отырған. Олар уақытты айқындап, әр

күннің, әр жылдың ерекшеліктерін терең білді. Жан – жануарлардың іс - әрекетіне, айға, жұлдыздарға қарап ауа райын болжады.

Халқымыз табиғат тылсымын ерте заманнан – ақ түсініп, оны өзінің тұрмыс – тіршілігіне арқау етіп, қолдана білген. Солардың бірі халықтың ауа райын болжау тәсілдері. Қысы – жазы далалық өмірде тіршілік еткен халқымыз өздері тұрған өлкенің табиғи ерекшелігі мен құпиясын терең білгендігі сондай, айсыз түнде жұлдызға қарап, жол тауып, көз аштырмас боранда жердің шөбіне

қарап ел тауып, құс, жан – жануар, құрт – құмырсқа тіршілігіне зер салып, ауа райын күні бұрын болжап, ерте қам жасап отырған.

Табиғат құбылыстары мен ауа райын бақылауда халықтың өзіндік тәжірибелері мен болжамдарынан туған терминдері мен орнымен айтылған қағидалары да назар аударуға тұрарлық. Мысалы, **жылы, жайма шуақ, ыстық, қапырық, қайнап тұр, күйіп тұр, аспан айналып жерге түскендей, ми қайнататын ыстық** деп жаз айларындағы ауа райын айтатын болса, қыста **суық, салқын, аяз, үскірік, бет қаратпас аяз, «тіпу» десе, түкірік жерге түспейтін аяз, қызыл шұнақ аяз** деп аязды күндерді, **ат құлағы көрінбейтін боран, ақтүтек, сырғыма, жаяу борасын, ақ байтал, ала қаншық** деп боранды сәттерді бейнелей айтқан. Мұндай бейнелі теңеулер ыстық, суық күндердің шама – шарқын айқындайды.

Күздегі суықты **қара суық**, жазғытұрғы желді **өкпек жел**, көктемгі жылы желді **алтын күрек**, күн шығып тұрған кезде сіркіреген жауынды **соқыр жаңбыр**, жаумайтын бұлтты **қысыр бұлт**, наурыз айындағы ұзарған күнді **ұзынсары** деп айтатын халықтың әдемі теңеулері тағы бар. Халық аузында қалыптасқан мұндай сөздер адам мен табиғаттың бірлігін, сәнді үйлесімін танытады.

Тапсырмалар:

1. Мәтінді оқып, аударыңыз.

2. Мәтін мазмұнын еске түсіре отырып, келесі сөздерді аудармасымен

дәптеріңізге жазып алыңыз, жаттаңыз:

өлке – край

табиғи ерекшелік – природные особенности

табиғат тылсымы – тайна природы

бақылау – наблюдать

болжау – прогнозировать

далалық өмір – степная жизнь

құпия – секрет

зер салу – изучать

қам жасау – готовиться

қағида – теория, принцип

шама – шарқы – уровень

бейнелей айту – образное выражение

теңеу – сравнение

бірлік – единство

сәнді үйлесім – красивое сочетание

3. Берілген сөздерге сөз тіркесімен жауап беріңіз. (Үлгі: Бақылау – терең бақылау)

Ерекшелік, білу, түн, боран, ыстық, аяз, табиғат, ауа райы, күн, бірлік, сәнді, жел.

4. Мәтінді еске түсіре отырып, сөйлемдегі айтылған ойға «иә» немесе «жоқ» деп жауап беріңіз.

1. Біздің ата – бабаларымыз өздері тұрған өлкенің табиғи ерекшелігі мен табиғат тылсымын терең бақылап, оларды өз өмірлерімен, қоғам өмірімен байланыстырып отырды.
2. Жан – жануарлардың іс - әрекетін, айға, жұлдыздарға қарап болжады.
3. Халқымыз табиғат тылсымын енді ғана түсінді.
4. Айсыз түнде жұлдыз, жол тапқан.
5. Көз аштырмас боранда жердің шөбіне қарап, ел тауып, күс, жан – жануар, құрт – құмырсқа тіршілігіне зер салған.
6. Жылы, жаймашуақ, ыстық, қапырық, қайнап тұр, күйіп тұр, аспан айналып жерге түскендей, ми қайнататын ыстық деп қыс айларындағы ауа райын айтатын болған.
7. Суық, салқын, аяз, үскірік, бет қаратпас аяз, «тіпу» десе, түкірік жерге түспейтін аяз, қызыл шұнақ аяз деп жазғы күндерді атайтын болған.
8. Ауа райын күні бұрын болжап, ерте қам жасаған.
9. Ат құлағы көрінбейтін боран, ақтүтек, сырғыма, жаяу борасын, ақ байтал, ала қаншық деп жаңбырлы сәттерді бейнелей айтқан.

5. Мәтінді еске түсіре отырып, мына тақырыптар бойынша әңгімелесуге тырысыңыз.

1. Жылы күн. 2. Ыстық күн. 3. Қысқы аяз. 4. Қысқы боран.

6. «айсыз түн – боран- табиғат - адам» сөздерін тірек ете отырып, досыңызға бір хикая айтып беріңіз.

7. Асты сызылған сөздерге сұрақ қойыңыз.

1. Біздің ата – бабаларымыз өздері тұрған өлкенің табиғи ерекшелігі мен табиғат тылсымын терең бақылаған. 2. Оларды өз өмірлерімен, қоғам өмірімен байланыстырып отырды. 3. Олар уақытты айқындап, әр күннің, әр жылдың ерекшеліктерін терең білді. 4. Жан – жануарлардың іс - әрекетіне, айға, жұлдыздарға қарап ауа райын болжады. 5. Халқымыз табиғат тылсымын ерте заманнан – ақ түсінген. 6. Оны өзінің тұрмыс – тіршілігіне арқау етіп, қолдана білген. 7. Солардың бірі халықтың ауа райын болжау тәсілдері. 8. Табиғат құбылыстары мен ауа райын бақылауда халықтың өзіндік тәжірибелері мен болжамдарынан туған терминдері мен орнымен айтылған қағидалары да назар аударуға тұрарлық.

8. Мына сөйлемдерге грамматикалық талдау жасаңыз.

1. Қысы – жазы далалық өмірде тіршілік еткен халқымыз өздері тұрған өлкенің табиғи ерекшелігі мен құпиясын терең білгендігі сондай, айсыз түнде жұлдызға қарап, жол тауып, көз аштырмас боранда жердің шөбіне қарап ел тауып, құс жан – жануар, құрт – құмырысқа тіршілігіне зер салып, ауа райының күні бұрын болжап, ерте қам жасап отырған. 2. Табиғат құбылыстары мен ауа райын бақылауда халықтың өзіндік тәжірибелері мен болжамдарынан туған терминдері мен орнымен айтылған қағидалары да назар аударуға тұрарлық.

3. Халқымыз табиғат тылсымын ерте заманнан – ақ түсініп, оны өзінің тұрмыс – тіршілігіне арқау етіп, қолдана білген. 4. Халық аузында қалыптасқан мұндай сөздер адам мен табиғаттың бірлігін, сәнді үйлесімін танытады.

9. Мына сөйлемдерді қазақ тіліне аударыңыз.

1) Наш народ с древних времен понимал тайну природы и умело применял ее в повседневной жизни.

2) По поведению животных, по звездам и по луне предсказывали погоду.

3) Наши предки глубоко изучали тайну и особенности природы своего края, где они жили, рассматривали природу в тесной связи с обществом и жизнью.

4) Одним из них является прием определения прогноза погоды.

5) Жизнь на природе научила казахский народ понимать ее язык: в безлунную ночь они могли отыскать дорогу по звездам, в сильный буран по траве, находящейся под снегом, распознавать местность, в которой находятся, по поведению насекомых, птиц и животных судить о грядущих изменениях погоды.

6) Такие слова в народе говорят о неразрывной связи и красивой гармонии человека с природой.

7) Они определяли время и знали особенности каждого дня и каждого года.

10. *Мәтінде қарамен жазылған сөздерді еске сақтап, мағынасын түсінуге тырысыңыз.*

11. *Мәтін бойынша сұрақтар құрастырып, көршіңізбен әңгімелесіңіз.*

12. *Мәтінге жоспар құрастырып, мазмұндауға тырысыңыз.*

13. *Қазіргі уақытта табиғатты қорғау бағытында қандай шаралар жүргізілуде? Осы сұраққа монолог жазыңыз. Презентация жасаңыз.*

ЖЕР - АНАНЫ АЯЛА

Біріккен Ұлттар Ұйымы жыл сайын, «Жердегі өмір үшін!» «Теңіздерімізді, құтқарайық!» деген ұрандар бойынша, әлем халқын айналадағы ортаны қорғау күнін атап өтуге шақырады.



Айналадағы ортаны қорғау күні 1972 жылдан бастап мерекеленуде. Сол кезден ЮНЕП әлем халқын ағаш отырғызу, көше тазалау, велосипед шеруі, оқу орындарында шығарма конкурсын өткізу, күл-қоқыстарды қайта өңдеуге жұмылдырып отыратын болды.

ЭКОЛОГИЯ — ғасыр соңында планета халқының кезек күттірмес ең ауқымды міндеттерінің қатарына енді.

Табиғат та тірі дүние. Табиғаттың адамға берген сабағы — тек айналаңнан алуды ғана білме, өзің Жер, Су, Ауаға алғаныңның орнын қайтіп толтыратыныңды ойлан деген ескерту жасауда. Сол ескертудің дәлелі - Арал қасіреті, тұщы су көздерінің азаюы, шөлді аймақтардың күрт көбеюі.

Жері жасыл, ауасы таза, суы мөлдір жерді мекендеген халықтар ұзақ өмір сүреді де, табиғаты бүлінген, айналадағы ортаны қорғауға немқұрайлы қараған елдерде адам өмірі әлдеқайда қысқа екендігі дәлелденіп отыр. Еуропа елдері ормандарын аялайды. Оңтүстік Кореяда өндіріс мақсатына ағаш кесілмейді. Бұл - табиғатты аяламайтындарға үлкен сабақ.

Жеріміз кең, соған қарай табиғи орталарымыз әр түрлі, ал жер қойнауымыз өте бай. Қазақстанның ұланғайыр жер аумағының ауа райы да біркелкі емес, қарама – қарсы.

Ғалымдардың айтуы бойынша, 5000 – дай өсімдік, сүтқоректілердің 158, құстардың 485, балықтардың 150, бауырымен жорғалаушылардың 52 түрі бар.



XXI ғасыр табиғатты аялау ғасыры

Біз қазіргі таңда адамды емес, Жер-ананы сауықтыру проблемасына тірелдік. Нақты дәлелдер келтіретін болсақ: Біз Чернобыль атом электр станциясының ғана зардаптарын білеміз, ал Семей сынақ алаңының

зардабына Невада-Семей қозғалысы- на дейін көңіл аудардық па? Жоқ. Семейде алғашқы жарылыс 1949 жылдың 29 тамызында жасалыпты. Ал соңғысы 1989 жылдың 19 қыркүйегінде болды. Осы қырық жыл ішінде 470 ядролық жарылыс жасалған. Олардың 90-ы әуеде, 26-сы жер бетінде, қалғаны жер астында өткізілген. Мұның сыртында 175 химиялық қару сынағы өткізілген. Бір ғана Абыралы аймағы қаншама зардап шекті. Қазақстанның бүкіл денесі жаралы. Ойлап қарасаңыз, Байқоңыр да сынақ алаңы. Бұларға Аралдың қасіретін қосыңыз.

Қазақстанның барлық аймағы көмекке зәру. Бұл - Жер атты мекенге көмек керек деген сөз. Соңдықтан XXI ғасыр -Жерді сауықтыру ғасыры.

Тапсырмалар:

1. Мәтінді оқып, аударыңыз.

2. Мына сөздерді аударыңыз, есте сақтаңыз.

орта, құтқару, қорғау, ағаш отырғызу, шеру, қайта өңдеу, ең ауқымды, міндет, ескерту, қасірет, шөл, аялау, зәру, зардап, сынақ, жарылыс, жаралы, қасірет, емдеу, санасу, зиян, мөлшер.

3. Есіңізге сақтаңыз.

5 маусым — Бүкіләлемдік қоршаған ортаны қорғау күні.

Айналадағы ортаны қорғау күні 1972 жылдан бастап атап өтілуде.

4. Мына сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Қазақстанның жері, суы туралы аңыздарын білесіз бе?

2. Туған өлкеңізде аты аңызға айналған қандай жер-суларды білесіз?
3. Қасиетті, шипалы көлдерді білесіз бе?
4. Айналадағы ортаны қорғау күнін қашан атап өтеміз?
5. Оқушы кезіңізде мектепте ағаш отырғыздыңыз ба?
6. Бұлақ көздерін ашуға қатыстыңыз ба?
7. Құстарға ұя жасадыңыз ба?
8. Айналадағы ортаны қорғау мерекесіне қатысып көрдіңіз бе?
9. ЮНЕП нені ұйымдастырады?
10. Табиғаттың адамға берген ескертуі қандай?
11. Қандай полигон аймақтарын білесіз?
12. Невада-Семей қозғалысы — неге қарсы қозғалыс?
13. Хиросима, Нагасаки туралы білесіз бе?

5. *Шын (Ш) немесе жалған (Ж) Ш. Ж.*

1. БҰҰ жыл сайын әлем халқын айналадағы ортаны қорғауға шақырады
2. Айналадағы ортаны қорғау күні 1972 жылдан бастап мерекеленбейді
3. Табиғат тірі дүние емес.
4. 1972 жылдан ЮНЕП әлем халқын ағаш отырғызуға, көше тазалауға жұмылдырып отыратын болды.
5. Жері жасыл, ауасы таза, суы мөлдір жерді мекендеген халықтар ұзақ өмір сүреді.
6. Табиғаты бүлінген, қоршаған ортаны қорғауға немқұрайлы қараған ел адамдарының өмірлері ұзақ болады.
7. Қазіргі кезде адамды емес, Жер - Ананы сауықтыру проблемасына тірелдік.
8. Жер - Ана дәл қазір сауықтыруға зәру емес
9. Семейде алғашқы жарылыс 1949 ж. 29 тамызда жасалды
10. Соңғы жарылыс 1989 жылы қыркүйекте жасалды
11. 40 жыл ішінде 470 ядролық жарылыс жасалған
12. Қазақстанның бүкіл денесі жаралы, «шұрық-тесік»

13. XXI ғасыр жерді сауықтыру ғасыры болмақ

14. ЮНЕСКО алдағы ғасырды табиғатты аялау ғасыры деп жариялауға тиіс

6. *Сұрақ – жауап. Көршіңізбен әңгімелесіңіз.*

а) Ағаш отырғыздың ба?

ә) Көше тазалауға қатысасың ба?

б) Арал қасіретін білесің бе?

в) Қазақстанда табиғаты әсем жерлер бар ма?

г) Қазақстан Швейцариясы қай өлке?

д) Қазақстан қорықтары туралы білесің бе?

7. *Сөйлемдерді орыс тіліне аударыңыз.*

Бұл аймаққа қоныстанған орыстар сірә табиғатының сұлулығына, қарағайлы орманына, көлдеріндегі құстардың көптігіне қарап, «Орманды» (Боровое) деп атап кетсе керек. Ал ежелгі өз тұрғындары - қазақтар Бурабай деп атаған.

Халық арасында осы Көкшетау маңында болған киелі бура туралы аңыз бар. Бейбітшілік, тыныш күндері әлгі бура Көкшетауға жақын жерде жайылып, ормандағы көлдерден сусындаған.

Киелі бура халық басына төнер қауіптің жақындағанын жұрттың бәрінен бұрын сезеді екен де, сол бойда Көкшетаудың заңғар басына шығады екен. Сонан соң бар дауысымен боздап, адамдарды төніп келе жатқан қауіп қатерден сақтандырады екен.

9. *Топ болып мына сұрақтарды талқылаңыз.*

1. Арал тағдыры туралы не білесіз?

2. Аралдың кешегісі мен бүгінгісі туралы не білесіз?

3. Арал және қоршаған орта.

4. Арал аймағының экономикасы және әлеуметтік жағдайы.

10. *Мына сипаттама Қазақстандағы қай көлдерге арналған.*

а) Атын айтып тұрғандай, айдын беті ала-ала. Ақ пен көк кезек-кезек алмасып жатады, ақ жері — жылы, көгілдір тұсы сәл салқындау. Бірақ негізінен көл жанға жайлы, жып-жылы. Жылы болғандықтан да жұп-жұмсақ.

Көл суының тазалығы сондай, қиыршық тас тұрмақ, тарыны да тауып алуға болады. Қазақ жерінде осындай мөлдір көлдің болуының өзі сарқылмас қазына. «Суы тұзды, денсаулыққа пайдасы зор. Мыңда бір дертке дауа».

б) Көл Жетісудың шығыс жағына орналасқан. Көлемі - 2696 шаршы шақырым. Ұзындығы - 1011, ені 92 шақырым. Орташа тереңдігі - 22,5 метр. Көлдің дәл ортасында үлкен және кіші Арал төбе бар. Көлге 15-тен аса өзен құяды.

11. Мәтіннен сын есімдерді көрсетіңіз, қай шырайға жататынын ажыратыңыз.

12. Өзіңіз тұрған аймақтағы, туған жеріңіздегі өзен-көлдерге сипаттама жазыңыз.

13. Көкшетау өлкесіндегі «Оқжетпес», «Жұмбақтас» туралы аңызды үйде оқыңыз.

Келесі сабақта әңгімелеуге тырысыңыз.

14. Туған жердегі көлдердің шипалық қасиеттері туралы әңгімелеңіз. (Мысалы, Алакөл, Балқаш, т.б.)

15. Мәтінге жоспар құрастырып, мазмұндаңыз.



Қазақстанның климаты

Қазақстанның климаты шұғыл континентті, құрғақ келеді, сондықтан өзен торы, әсіресе, орталық бөлігінде аз.

Еліміздің ірі өзендері Ертіс, Жайық, Іле, Сырдария, Тобыл, Есіл бүкіл жыл бойына мол су деңгейлерін сақтайды. Қазақстан

көлдерінің гидрологиялық ерекшелігі – деңгейлерінің маусымдық және жылдық ауытқу мөлшерінің өте жоғары болуы. Шағын көлдер қуаң жылдары түгелдей тартылып, құрғап қалады. Басты көл айдындары - Балқаш, Алакөл,

Зайсан, Теңіз, Сілеті. Орта ендіктерде орналасуына байланысты Қазақстанда қоңыржай белдеудің табиғат зоналары таралған. Қиыр солтүстігінде орманды - дала зонасы қалыптасқан; бұл оңтүстікке қарай далаға, шөлейтке және шөлге ауысады. Қазақстанның шығыс және оңтүстік - шығыс бөліктерін биік таулы аймақтар алып жатыр. Бұл өңірлердегі тау массивтері жер суы қорына бастау беретін ылғалдың қуатты конденсаторы болып есептеледі. Қазақстан жер аумағының 3,3-інде орман. Ормандарда негізінен жапырақты және қылқан жапырақты алқабы басым өседі.

Тапсырмалар:

1. Мәтінді оқып, аударыңыз.

2. Мына сөздерге және сөз тіркестеріне назар аударып, жаттаңыз.

шұғыл континентті — резко континентальный

өзен торы — речная сеть

қиыр солтүстік — крайний север

қуатты конденсатор — мощный конденсатор

қуаң жыл (жер) — засушливый год (засушливая земля)

көл айдындары — водоем озер

3. Төмендегі сөздерге қарама - қарсы мағыналы сөздер келтіріңіз.

Шұғыл, жылы, орманды, салқын, сусыз шөл, ыстық сулы, қоңыржай, сақтау, биік таулы аймақ, суық, құрғақ, құмды.

4. Сөйлемдерді қазақ тілінен орыс тіліне аударыңыз.

1. Тау өзендері мен бұлақтарының суы өте салқын.

2. Каспий теңізінің деңгейі көтеріліп келеді.

3. Арал теңізі жылдан жылға тартылып барады.

4. Арал теңізін жоғалту бүкіл аймақтың ауа райын мүлдем нашарлатады.

5. Қазақстанның солтүстік аудандарында қыста қатты суық болады.

6. Таудың ауа райы құбылмалы келеді.

7. Біз сіздің өлкенізді, оның сұлу табиғатын, халқының қонақжайлығы мен адал ниетін еш уақытта ұмытпаймыз.

8. Біздің республикамызда табиғат қорғау бағытында көптеген шаралар жүргізілуде.

5. *Көп нүктенің орнына тиісті көмекші есімдерді қойып, жазыңыз.*

1. Қазақстанның аумағы ... Волганың төменгі ағысынан шығысында Алтайға дейін 3000 шақырымға созылып жатыр.
2. Қазақстан Республикасы Евразия материгінің ... орналасқан.
3. Қазақстанның жер ... әр алуан.
4. Қазақстанның ... бөлігін Сарыарқа алып жатыр.
5. Еліміздің ірі өзендерінің ... Тобыл мен Сырдария да бар.
6. Еуропа мен Азия елдері ... қарым - қатынас ерте заманнан Қазақстан жері арқылы өткен.
7. XIX ғасырдың ... мен XX ғасырдың ... Қазақстан фаунасын зерттуге көңіл бөліне бастады.

Керекті сөздер: батысында, ортасында, беті, орталық, ішінде, арасында, аяғы, басында.

6. *Мына сөйлемдерге грамматикалық талдау жасаңыз.*

1) Біздің республикамызда табиғат қорғау бағытында көптеген шаралар жүргізілуде. 2) Біз сіздің өлкеңізді, оның сұлу табиғатын, халқының қонақжайлығы мен адал ниетін еш уақытта ұмытпаймыз. 3) Арал теңізі жылдан жылға тартылып барады. 4) Арал теңізін жоғалту бүкіл аймақтың ауа райын мүлдем нашарлатады. 5) Каспий теңізінің деңгейі көтеріліп келеді. 6) Қазақстанның солтүстік аудандарында қыста қатты суық болады. 7) Тау өзендері мен бұлақтарының суы өте салқын. 8. Таудың ауа райы құбылмалы келеді.

7. *Мәтінге сұрақ құрастырып, жауап беріңіз.*

8. *Жыл мезгілдері туралы көршіңізбен әңгімелесіңіз.*

9. *«Біздің өлкенің климаты» деген тақырыпқа монолог жазыңыз.*

10. *Мәтінге жоспар жасап мазмұндауға тырысыңыз.*

Кластер жасап, мазмұндауға да болады.

Қазақстанның халқы



XIX ғасырдың аяғында Қазақстан аумағында халықтың этностық құрамы біркелкі болды. Олар негізінен қазақтар болатын. 1897 жылғы Бүкілроссиялық бірінші халық санағы бойынша Қазақстан халқының 4/5-і (бестен төрті) қазақтар болды. Бұл —

халықтың 80%-ы еді. Осы кезде Ресейде капитализмнің дамуына байланысты, қазақ ауылдарында бірте-бірте феодалдық қатынастар ыдырай бастады. Ресейдің орталығындағы, жері аз губерниялардан, Волга бойынан, Украинадан, Орал мен Батыс Сібірден қоныс аударушылар Қазақстанға келе бастады. Қоныс аударушылар орыстар, украиндар, татар, мордва, чуваш, неміс, т.б. халықтар еді. Сөйтіп, Қазақстанда басқа ұлт өкілдері көбейе бастады.

1897 жылы санақ бойынша басқа ұлттар халықтың 12%-ы болды. Осылайша, республика халқы табиғи өсім және басқа жерден көшіп келген адамдар есебінен өсті.

Тәуелсіз Қазақстан Республикасында 2009 жылғы халық санағы бойынша 16 млн. 854 мың адам болды.

Өнеркәсіп күшті дамыған қалалар мен аудандарда халық тығыз орналасқан. Ал Қазақстанның батыс, орталық және оңтүстігіндегі шөл және шөлейт жерлерінде, керісінше, халық сирек қоныстанған. Бұл жерлерде халықтың орташа тығыздығы 1 шаршы шақырымға 2 адамнан келеді. Соңғы жылдары көші-қон өсуде. Көші -қон республика ішінде де, алыс және жақын шет елдерде де жүріп жатыр.

Қазақстан қысқа мерзім ішінде нарықтық экономикаға бет бұрды. Елімізде кәсіпкерлікті дамыту жүзеге асырылуда.

Соңғы жылдардың ішінде Қазақстанда 200 мыңдай шағын және орта бизнес кәсіпорындары пайда болды. Ауыл шаруашылығында 1,3 миллиондай фермер өсіп шықты.

Елімізде сөз бен баспасөз бостандығы, дін бостандығы, тағы басқа демократиялық істер жүзеге асырылды. Елдегі барлық халықтар үшін тең даму қамтамасыз етілді.

Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстанның егемен мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясы» атты кітабында көрсетілген міндеттер жүзеге асырылуда.

Еліміздің алдағы дамуы «Қазақстан - 2030» атты ұзақ мерзімді бағдарламасында айқындалды. Әрине, бәрі де халық игілігі үшін жасалып жатыр.

Тапсырмалар:

1. Мәтінді оқып, аударыңыз.

2. Мына сөздерге және сөз тіркестеріне назар аударып, жаттаңыз.

этностық құрамы - этнический состав

халық санағы бойынша - по переписи населения

бірте - бірте ыдырау - постепенный распад, распадаться

ұлт өкілдері - представители национальностей

табиғи өсім - естественный прирост

халықтың орташа тығыздығы - средняя плотность населения

көші-қонның өсуі - прирост миграции

алғашқы (соңғы) жылдары - в первые (последние) годы

алыс және жақын шет елдер - ближнее и дальнее зарубежье

3. Сөйлемдерді қазақшадан орысшаға аударыңыз.

1. Қазақстан қысқа мерзім ішінде нарықтық экономикаға бет бұрды.

2. Елімізде кәсіпкерлікті дамыту жүзеге асырылуда.

3. Соңғы жылдардың ішінде Қазақстанда 200 мыңдай шағын және орта бизнес кәсіпорындары пайда болды.

4. Ауыл шаруашылығында 1,3 миллиондай фермер өсіп шықты.

5. Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстанның егемен мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясы» атты кітабында көрсетілген міндеттер жүзеге асырылуда.

6. Еліміздің алдағы дамуы «Қазақстан - 2030» атты ұзақ мерзімді бағдарламасында айқындалды.

7. Әрине, бәрі де халық игілігі үшін жасалып жатыр.

4. Мына сөйлемдерге керекті сөздерді қолданыңыз.

1. Біздің елімізде көптеген халықтардың ... тату-тәтті өмір сүреді.

2. Қазақстанның негізгі ... қазақтар.

3. Қазақстан жерін мекендейтін орыс, украин, белорус, өзбек, кәріс, ұйғыр т.б. ұлт өкілдері елімізді ..., қорғайды, табиғатын гүлдендіру үшін....

Керекті сөздер: жақсы көру, халық, сақтау, өкілдері, еңбек ету, қызмет атқару.

5. Мәтінге сұрақтар құрастырып, жауап беріңіз.

6. Асты сызылған сөздерге сұрақ қойыңыз.

1. 17 млн. халқы бар Қазақстан Республикасының ұлттық құрамы әр алуан.

2. Негізі ұлт - қазақтардан басқа, орыстар, украин, белорус, неміс, өзбек, ұйғыр, татар, әзірбайжан, кәріс, т.б. ұлттың өкілдері тіршілік етеді.

3. Қазақстан халқы арасында қарым – қатынас пен достық жақсы дамып жатыр.

4. Республикада мемлекеттік тіл – қазақ тілі.

5. Еліміздің егемендігі мен тәуелсіздігін 100-ден астам мемлекет танып жатыр.

6. Алматыда - оңтүстік астанамызда 50 елдің елшілігі мен өкілдігі бар.

7. Сұрақтарға жауап беріңіздер, мәтін бойынша сұрақтарды жалғастырыңыз.

1. Елімізде қандай күрделі өзгерістер болды?

2. Халқымыздың тұрмыс жағдайын көтеру үшін не істеліп жатыр деп ойлайсыз?

3. Кәсіпкер деген кім?

4. Егер кәсіпкер болсаң, не істер едіңіз?

8. *Берілген сөз тіркестерінің мағынасын түсіндіріңіз, сөйлем құрастырыңыз.*

Бет бұрды, дамыту, жүзеге асырылуда, фермерлер өсіп шықты, бағдарламасында айқындалды.

9. *Синонимдерді есте сақтаңыз. Мәтіндегі сөйлемдерден табыңыз. Өз сөйлемдеріңізді*

құрастырыңыз.

а) мезгіл, мерзім, маусым, кезең, уақыт

ә) бірлік, ынтымақ, достастық

б) бостандық, еркіндік, азаттық

10. *Мақал – мәтелдерді жаттаңыз. Осы тақырып бойынша тағы қандай Мақал – мәтелдерді білесіз, толықтырыңыз.*

Жері байдың – елі бай. Еңбек - адамның екінші анасы.

11. *Пікірлесейік .*

Біздің еліміз нарықтық экономикаға бет бұрды ма?

12. *Мәтінге жоспар жасап, мазмұндауға тырысыңыз.*



Қазақ деген халықпыз

Қазақстан Республикасы көпұлтты, егеменді, тәуелсіз мемлекет.

1991 жылы 16 желтоқсан еліміздің тарихында алтын әріптермен жазылған. Бұл күні Қазақстан Республикасы тәуелсіз мемлекет болып жарияланды.

1992 жылғы маусымның 4-інде Қазақстан Республикасының жаңа мемлекеттік Елтаңбасы мен мемлекеттік Туы бекітілді. Осы жылдың 10 желтоқсанында

мемлекеттік Әнұран бекітілді. 2006 жылы Әнұранның жаңа мәтіні қабылданды.

1997 жылдың 10 желтоқсанында Қазақстанның астанасы Ақмола қаласына көшірілді. 1998 жылдың 6 мамырында Ақмола қаласының атауы Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығымен Астана деп өзгертілді. Астана – еліміздің бас қаласы.

Тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Президенті – Н.Ә. Назарбаев.

Біздің еліміздің өз мемлекеттік мерекелері бар: 16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күні, 30 тамыз – Қазақстан Республикасының Конституциясы күні, 22 қыркүйек – Қазақстан Республикасы халқының тілдері күні, 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні.

Тапсырмалар:

1. *Мәтінді оқып, аударыңыз.*

2. *Мәтін мазмұнын еске түсіре отырып, келесі сөздердің аудармасын дәптеріңізге жазып алыңыз да жаттаңыз.*

көпұлтты – многонациональный

ресми – официальный

егеменді – суверенный

тұңғыш – первый

тәуелсіз – независимый

жариялау - провозглашать

рәміз – символика

3. *Мәтінді еске түсіре отырып, сөйлемдегі айтылған ойға «иә» немесе «жоқ» деп жауап беріңіз.*

1. Қазақстан Республикасы өзінің тәуелсіздігін 16 желтоқсанда жариялады.

2. Қазақстан Республикасының жаңа мемлекеттік Елтаңбасы мен мемлекеттік Туы 1992 жылы 4 маусымда бекітілді.

3. Қазақстанның астанасы Ақмола қаласына 1997 жылдың 10 желтоқсанында көшірілді.

4. Ақмола қаласының атауы Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығымен 1998 жылы 6 мамырда Астана деп өзгертілді.

5. Астана – еліміздің оңтүстік астанасы.

6. Н.Ә. Назарбаев – Қазақстанның тұңғыш Президенті.

4. *Мәтін бойынша келесі сөйлемдерді аяқтаңыз және жазып алыңыз.*

- 1) 1991 жылғы 16 желтоқсан _____
- 2) 1992 жылы 4 маусымда _____
- 3) 1992 жылы 10 желтоқсанда _____
- 4) 1997 жылы 10 желтоқсанда _____
- 5) 1998 жылы 6 мамырда _____
- 6) Н.Ә. Назарбаев _____
- 7) 16 желтоқсан _____
- 8) 30 тамыз _____
- 9) 22 қыркүйек _____

5. Орысша берілген сөйлемдерді аударып отырып, келесі диалогке қатысыңыз.

- Гафу етіңіз! Сіздің туған жеріңіз қай жер?
- Моя родина – Республика Казахстан.
- Қазақстан қандай мемлекет?
- Казахстан - независимое государство.
- Айтыңызшы, 1991 жылы 16 желтоқсанда қандай оқиға болды?
- В 1991 году 16 декабря Казахстан был провозглашен независимым

государством.

- Еліміздің бас қаласы қандай қала?
- Астана является столицей нашей страны.
- Кешіріңіз, Қазақстан Республикасының жаңа мемлекеттік рәміздері қашан бекітілді?

- Новые государственные символы Республики Казахстан были утверждены в 1992 году.

- Сіз туған жеріңізді жақсы көресіз бе?
- Да, я люблю свою Родину.

6. Сөйлемдерді қазақ тіліне аударыңыз.

В истории нашей страны 16 декабря 1991 года пишется золотыми буквами. Этот день в Республике Казахстан был провозглашен Днем Независимого государства.

В этот же год также был утвержден государственный Гимн.

В нашей стране есть свои государственные праздники: 16 декабря – День Независимости Республики Казахстан, 30 августа – День Конституции Республики Казахстан, 22 сентября – День языков народа Республики Казахстан.

4 июня 1992 года был утвержден новый государственный Флаг и государственный Герб Республики Казахстан.

7. Асты сызылған сөздерге сұрақ қойыңыз.

Қазақстан Республикасы көпұлтты, егеменді, тәуелсіз мемлекет.

1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан Республикасы тәуелсіз мемлекет болып жарияланды.

1992 жылғы маусымның 4 – інде Қазақстан Республикасының мемлекеттік Елтаңбасы мен мемлекеттік Туы бекітілді.

1992 жылдың 10 желтоқсанында мемлекеттік Әнұран бекітілді.

1997 жылдың 10 желтоқсанында Қазақстанның астанасы Ақмола қаласына көшірілді.

1998 жылдың 6 мамырында Ақмола қаласының атауы Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығымен Астана деп өзгертілді.

Астана – еліміздің бас қаласы.

8. Сөздермен сөз тіркестерін құрастырып, ауызша аударыңыз.

көпұлтты, егеменді, тәуелсіз, рәміз, ресми, тұңғыш, жариялау, жаңа, қала, бекітілу, мереке.

9. Мәтінді еске түсіріңіз және ауызша мазмұндауға дайындалыңыз. Ол үшін мыны сұрақтарға жауап беруге тырысыңыз

1. Қазақстан Республикасы қандай мемлекет?
2. 1991 жылдың 16 желтоқсанының тарихи мәні неде?
3. Қазақстан Республикасының жаңа мемлекеттік рәміздері қай жылы қабылданды?
4. Қазақстан Республикасының астанасы Ақмолаға қашан көшірілді?
5. 1998 жылдың 6 мамырында қандай оқиға болды?
6. Астана қандай қала?

7. Қазақстанның тұңғыш Президенті кім?

8. Қазақстан Республикасында қандай мерекелер бар?

10. Өлеңді жаттап алуға тырысыңыз.

Қазақ осы

Қадыр Мырза Әли

Жайлауында жүрген жігіт бағып қой,

Дос келді деп жасап жатыр анық той.

Алғашқы рет көріп тұрсың сен оны,

Нағыз қазақ осы, міне, танып қой.

Сәйгүліктің құйрық жалы таралған,

Сүйетұғын қазақ осы, қараңдар.

Қазақ осы күй шығарып, ән салып,

Көкпар тартып, қыз қууға жаралған.

Қазақ осы ашық жарқын қабағы,

Қонақ келсе, шабылып бір қалады.

Байқа да тұр, саған да ол кетерде,

Ат мінгізіп, жібек шапан жабады.



Қазақ- қонақжай халық

Қазақ халқы - ежелден қонақ десе ішкен асын жерге қоятын халық. Үй иесі бұрын танысын, танымасын «Құдайы қонақпын» десе болды, жылы шыраймен қарсы алып отырған. Жол жүріп келе жатқан жолаушы «бөлінбеген еншім бар» деп, жолшыбай ауылдың кез

келген үйіне түсіп, қонақ бола берген. Оның үстіне қазақта «қырықтың бірі қыдыр», «қонақты қусаң - құт ырыс қашады», «қонақпен еріп құт, ырыс келеді» деген мәтелдер бар. Сөйтіп, бөлінбейтін еншіге қиянат жасауға

болмайды. Бір қызығы алты аласы, бес бересі болмаса да қонақ үй иесі тойдырмаса, күтпесе, аттана бере жамандап кететін болған. Қазақ үшін мұны есту ұят, бетке шіркеу болған. Сондықтан халқымыз қонақты қарсы алу, шығарып салуға ерекше мән берген.

Қонақты үй иесі қарсы алып, есікті өзі ашып, үйге енгізіп, соңынан өзі кіріп есікті жабады. Бұл-қонақпен еріп келген «кұт», «ырыс» бірге кірсін дегені. Ал қонақты шығарып саларда, есікті қонақтарға аштырып, соңынан өзі жауып шығатын болған. Осы күнгідей қонақтарға есікті ашып, іштен жауып алу деген болмаған.

Қазақ халқы қонақтарды «арнайы қонақ», «құдайы қонақ» (жолаушылап келе жатып түстеніп не бір күн түнеп шығатын қонақ), «қыдырма қонақ» (алыстағы ағайын, туған - туыстарын арнайы іздеп келіп бір немесе бірнеше күн олардың сый-құрметін көріп қайтатын қонақ), «қылғыма қонақ» (қай үйден түтін шықса қай үйге қонақ келсе соны аңдып жүріп келе қалатын сүйкімсіз қонақ) деп бөлген.

Келген қонақтармен жөн сұрасқаннан кейін үй иесі қонағына ең жақсы тамақтарын беріп, риза етуге тырысады. Ең алдымен қонақтарға сусын (қымыз, шұбат және басқа) беріледі. Содан кейін шай ішіледі. Шайды дәмділеп құю, қонақтарға орнымен сый-сыяпат көрсету сол үйдегі әйелдер мен бойжеткен қызға үлкен сын болған. Шайды дәмділеп құйып бере алмаған бойжеткен қыз тәрбиесіз саналып әңгімеге ұшыраған.

Шай ішілген соң асқа дейін қонақтардың көңілді отыруына, яғни олардың бабын табуға үй иесі бар жағдайды жасайды. Ол үшін үй иесі әңгіме-дүкен құрып, қонақпен бірге отырады. Реті келсе, ауылдағы әнші, күйшілерді шақыртып, әңгіме арасында қонақтардың көңілін көтереді.

Үй иесінің балалары да аяғынан тік тұрып қонақтарға қызмет көрсетеді. Қонақ күту – халқымыздың ең жауапты ісі.

Тапсырмалар:

1. Мәтінді оқып, аударыңыз.

2. Мына сөздер мен сөз тіркестерін аударыңыз, есте сақтаңыз.

Ежелден, қонақжай, қонақ, үй иесі, жылы шырай, қарсы алу, ұят, шығарып салу, ерекше мән беру, жөн сұрасу, сусын беру, шай ішу, қонақтардың көңілді отыруы, дәмділеп құю, сый-сыяпат көрсету, ең жауапты іс, қонақ күту.

3. Бірінші абзацтан жіктік, тәуелдік, септік жалғаулары бар сөздерді тауып, талдау жасаңыз.

4. Сөйлемдерге талдау жасаңыз. Етістіктің шақ тұлғасын анықтап белгілеңіз.

1) Қонақтармен жөн сұрасқаннан кейін үй иесі қонағына ең жақсы тамақтарын беріп, риза етуге тырысады.

2) Ең алдымен қонақтарға сусын (қымыз, шұбат және басқа) беріледі, содан кейін шай ішіледі.

3) Шайды дәмділеп құю, қонақтарға орнымен сый-сыяпат көрсету сол үйдегі әйелдер мен бойжеткен қызға үлкен сын болған.

4) Шайды дәмділеп құйып бере алмаған бойжеткен қыз тәрбиесіз саналып әңгімеге ұшыраған.

5) Шай ішілген соң асқа дейін қонақтардың көңілді отыруына, яғни олардың бабын табуға үй иесі бар жағдайды жасайды.

6) Үй иесі әңгіме-дүкен құрып, қонақпен бірге отырады.

7) Реті келсе, ауылдағы әнші, күйшілерді шақыртып, әңгіме арасында қонақтардың көңілін көтереді.

5. Үлгі бойынша «Қонаққа шақыру» диалогін құрастырыңыз.

Мұрат Сабырұлы: Құрметті ханымдар, бүгін біздің шаңырағымыздың қадірменді қонағы болуларыңызды сұраймын.

Айман ханым: Мұрат, демек, сіз бізді қонаққа шақырасыз ғой?

Мұрат Сабырұлы: Иә, үйіме қонаққа шақырамын.

Сара ханым: Мұрат, біз Айман екеуіміз міндетті түрде келеміз.

Айман ханым: Үйің қай көшеде орналасқан?

Мұрат Сабырұлы: Мекен – жайым: Абай даңғылы, үшінші үй, он алтыншы пәтер.

6. Мына сөздер мен сөз тіркестерін аударып, мәнін түсіндіріңіз.

«Қонақасы», «қонақаяқ», «сый аяқ», «қонақ кәде», «құдайы қонақ», «бөлінбеген еншім бар», «қырықтың бірі қыдыр», «қонақты қусаң - құт ырыс қашады», «қонақпен еріп құт, ырыс келеді», «құт», «ырыс», «арнайы қонақ», «құдайы қонақ», «қыдырма қонақ» «қылғыма қонақ».

7. Диалогті оқып, аударыңыз. Өз үйлерің қонақты қалай қарсы алатыны туралы әңгімелеңіз және «Қырықтың бірі қыдыр», «Қонақты қусаң - құт ырыс қашады», «Қонақпен еріп құт, ырыс келеді» деген сөздерді қалай түсінгеніңізді айтыңыз.

Мұрат Сабырұлының үйінде

Мұрат Сабырұлы: Төрге шығыңыз. Айман, Сара танысыңыз, мына кісі менің жұбайым. Есімі - Әсел.

Айман ханым: Әсел, танысқаным өте қуаныштымын.

Әсел ханым: Мен де қуаныштымын. Тамақтан алып отырыңыздар.

Сара ханым: Тамақтарыңыз өте дәмді екен.

Әсел ханым: Ас болсын!

Сара ханым: Әсел, сіз де келесіде біздің қалаға келіңіз, қонақ қыламыз, қыдыртамыз.

Әсел ханым: Жақсы, рахмет, уақытым болып жатса, баруға тырысамын.

Айман ханым: Мұрат, Әсел, сіздерге көп рахмет. Өте көңілді отырдық, біз кетейік.

Мұрат Сабырұлы: Үйімізді енді білесіздер. Қостанайға келгенде, соғып тұрыңыздар.

Сара ханым: Сый – құрметіңізге рахмет. Сіздер де бізге қонаққа келіңіздер.

Айман ханым: Сау болыңыздар!

8. Сөйлемдерді қазақ тіліне аударыңыз.


Уважаемые друзья, приглашаю вас сегодня в гости. Мой дом расположен на проспекте Абая. Проходите на почетное место. Айман, Сара, это моя

жена. Ее зовут Әсел. Теперь наш дом вам знаком. Значит, Вы приглашаете нас в гости? Где находится Ваш дом? Блюда очень вкусные. Мурат, Асель, большое спасибо. Мы с Айман обязательно придем. Приезжайте к нам в город, будете нашими гостями. Конечно, мы вас ждем.

9. Төмендегі «қонақ» сөзіне байланысты мақал – мәтелдерді есте сақтаңыз.

1. Қонақ қойдан жуас.
2. Қонағым, өз үйіңді де ойлай отыр.
3. Қонаққа бара білсең, шақыра да біл.
4. Қонақ бір күн қонса – құт, екі күн қонса – жұт.
5. Қонағы жаман болса, үй иесі қыдырады.
6. Құтты қонақ келсе, қой егіз табады.
7. Қонағын сүймеген баласын ұрады, не үйін сыпырады.

10. Мәтін бойынша сұрақтар құрастырып, мазмұндауға тырысыңыз.



Алаштың Ақордалары

Дербес қазақ хандығы XV ғасырда әз Жәнібектің ел билеуімен басталды. Ал XVII ғасырда Тәуке хан тұсында мемлекет ретінде толық танылып, астанасы Түркістан қаласы болған. Абылай хан дәуірінде үш жүздің басы түгел қосылып, тұтастық одан әрі нығайған.

Ежелгі аты Ясы болған Түркістан - тектес халықтардың қасиетті мекені. Оның екінші Мекке атануы да кездейсоқ емес. Қазақстанның тәуелсіздігін бірінші болып Түрік мемлекетінің тануында бұл қаланың үлкен маңызы бар.

1920-1925 жылдары Орынбор қаласы астана болды. Орынбор өлкесі ол кезде қазақ жерінің құрамдас бір бөлігі саналатын.

1731 жылы Әбілқайыр хан Ресейге қарау туралы ант берген. Сөйтіп, Орынбор бекінісі Ресейдің бүкіл Орталық Азияны басып алуының кілті болған. Орынбордың кадет корпусында қазақтың 30 – дан астам жігіттері білім алған. Олардың өз елінің алғашқы зиялылары аталған. Араларында қоғам қайраткерлері Халел Досмұхамедов, ағайынды Сейдалиндер және тағы басқа белгілі азаматтар болған. Қазақ халқын алғаш өнерге, білімге үндеген «Айқап» журналы осы қалада басылып шыққан. Орынборда А. Байтұрсынов, С. Сейфуллин, Б. Қаратаев, М. Дулатов, М. Шоқаев және т.б. қазақ зиялылары жұмыс істеп, еңбек жазған.

1925 жылы әкімшілік орталық Орынбордан Ақмешітке көшірілді. Ақтың бояуы ұнамаған большевиктер Ақмешітті **Қызылорда** деп өзгертті. Ол кезде Сыр бойының табиғаты өте бай еді. Басқа елдер мен халықтарға Сыр десе, тоқшылық пен молшылық елестейтін. Аз ғана уақыттың ішінде қалаға бүкіл қазақ жерінен қазақтың оқыған азаматтары, ақындар, әншілер жиналды. Әлихан Бөкейханов, Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Сұлтан Қожанов, Ахмет Байтұрсынов осы Сыр өңірінде еңбек етті.

Қалада тұңғыш музыка театры ашылды. Онда Қалибек Қуанышбаев, Серке Қожамқұлов, Шара Жиенқұлова және т.б. өнер тарландары өзінің талантымен танылды. Бұрынғы қазақ музыкалық театрының орнында қазір Н. Бекежанов атындағы облыстық театрдың ғимараты бой көтерген.

Қазіргі Қызылорда – ақ күріштің атасы Ыбырай Жақаевтің Отаны. Газ бен мұнай өнеркәсібінің орталығы.

1929 жылдан 1997 жылға дейін Республика астанасы Алматы болды. Басын қар басқан Алатаудың етегіне орналасқан табиғатының сұлулығы жағынан сирек кездесетін Алматы қаласы Қазақстан Республикасының орталығы болуға лайық еді.

Алматы – көне қала. Археологтардың айтуы бойынша, бұдан екі мың жыл бұрын Алматының орнында бұрын да қала болған. Ежелгі заманның өзінде – ақ Алматы деп аталған.

1854 жылы Кіші Алматы өзенінің бойында іргетасы қаланған. Сол кезде ол әскери бекініс болатын. Алматыға «Верный» («сенімді» деген мағынада) деген ат берілді.

1921 жылы қалаға ежелгі Алматы аты берілді. 1929 жылы Алматы Қазақстанның астанасы болды. Сол жылы Алматыға алғашқы пойыз келді. Үш ғасыр бойы бодандықта болған жұртымыз Алматыда өз тәуелсіздігін алды. Ата Заңын қабылдап, мемлекеттік рәміздерді белгіледі. Қазіргі Алматы - өндірістің, ғылым мен мәдениеттің, өнердің аса ірі орталығы. Миллионнан астам көп ұлтты халқы бар қала.

1994 жылы Республика Парламенті Қазақстан астанасын Ақмолаға көшіру туралы ұйғарым жасап, одан кейін Республика Президентінің «Қазақстан Республикасының астанасы туралы» Жарғысы шықты. Осы құжаттарға сәйкес 1997 жылдың 10-шы желтоқсанында Қазақстанның астанасы Ақмолаға көшірілді. Жаңа астананы дүние жүзіне таныстыру рәсімі 1998 жылдың 10 маусымында болды.

Тапсырмалар:

1. Мәтінді оқып, аударыңыз.

2. Мына сөздер мен сөз тіркестерін аударыңыз.

Қазақ хандығы, дербес хандық, ел билеу, танылу, тұтастық, нығаю, ежелгі ат, түрік тектес халықтар, қасиетті мекен, кездейсоқ, кеңестік билік, құрамдас бөлік, бөлу, әкімшілік орталық, көшіру, өзгерту, бодандық, Ата Заң, мемлекеттік рәміз, ұйғарым жасау, Жарлық, дүние жүзі, таныстыру рәсімі.

3. Мәтінге сұрақ құрастырып, жауап беріңіз.

4. Сандарды сөйлетіңіз.

1731 жылы -

1854 жылы -

1920-1925 жылдары -

1921 жылы -

1925 жылы -

1929 жылы -

1994 жылы -

1997 жылдың 10-шы желтоқсанында -

1998 жылдың 10-шы маусымында -

5. Сөйлемдерді толықтырып жазыңыз. Аударыңыз.

Орынбордың кадет корпусында қазақтың ... – дан астам жігіттері ... алған. Қазақ халқын алғаш ... , ... үндеген «Айқап» журналы осы қалада басылып шыққан. Ақтың бояуы ұнамаған большевиктер Қызылорда деп өзгертті. Ол кезде Сыр бойының ... өте бай еді. Басқа елдер мен халықтарға Сыр десе, ... пен ... елестейтін. Алматы – ... қала. Археологтардың айтуы бойынша, бұдан ... жыл бұрын Алматының орнында бұрын да қала болған. Ежелгі ... өзінде – ақ Алматы деп аталған. 1854 жылы Кіші Алматы ... бойында іргетасы қаланған.

6. Компьютерді пайдаланып, саяхатшы және саяхат жетекшісі болып өзара әңгімелесіңіз.

7. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1) Қазақ елінің тарихындағы астаналар туралы не білесіз?

2) Астаналарды көшіру себебі неде деп ойлайсыз?

3) Сіздіңше, астана болудың қандай шарттары бар?

4) Астанада тұрғыңыз келе ме? Неге?

5) Астана әкімі болсаңыз, тұрғындар үшін не істер едіңіз?

8. Мәтінге жоспар жасап, мазмұндаңыз.

9. Мәтінді кластер арқылы әңгімелеп беріңіз.

10. Қосымша әдебиеттерді пайдаланып, а) «Орынбор», ә) «Қызылорда», б) «Алматы», в) «Астана» тақырыптарына шағын шығарма жазыңыз.

АСТАНА - Сарыарқа төріндегі Қазақстанның шамшырағы



1998 жылы мамыр айының 6-сында Елбасының жарлығымен Қазақстан елордасы Астана қаласы болып аталды. Мамыр айының 20-сында «Қазақстан Республикасының астанасының мәртебесі туралы» Заң қабылданды. Маусымның 10-ында Тәуелсіз Қазақстанның жаңа астанасының ашылу салтанаты болып өтті.

Қала Сарыарқаның терістігінде, Есіл өзенінің оң жағалауында орналасқан. Астана қаласын дамытудың бас жоспарын жасаған Жапонияның белгілі архитекторы Кисе Курокаваның эскиз идеясы бойынша қала екі бағытта салынып жатыр. Президентіміздің жобалауы бойынша, жаңа қалада Еуропаның сәнділігі мен Шығыстың сымбаттылығы тоғысатын болады.

Ел еңсесінің биіктігі «Астана – Бәйтерек» мұнарасымен бейнеленеді. Бұл алып та таңғажайып ғимарат - «Астана жаңа қала» бағдарламасының тұңғыш жемісі. Ол Елорда төрінде асқақтап тұр. Бәйтерек сияқты ғимараттар бұған дейін әлемде екі жерде – Сиднейде және Анкарада тұрғызылған. Бұл айбынды мұнараны салу барысында 2812 текше метр құйма темір – бетон, 999 тонна металл конструкциялары және прокаттары, 251 тонна өзектемір қолданылды.

Жылдам жүретін екі лифт 97 метрлік биіктіктегі панорама залына әп – сәтте алып шағады. Бәйтеректің ұшар басына шыққанда Еуропа мен Азияның кіндігінде орналасқан Астана қаласы алақандағыдай көрінеді.

Тапсырмалар:

1. *Мәтінді оқып, аударыңыз.*

2. *Мына сөздер мен сөз тіркестерін аударыңыз.*

Жариялау, жарлық, Елбасы, қол қою, салтанатты, ашылу рәсімі, қалың өсетін қамыс, бой көтерді, жаға, сұлулық, көз тарту, жақын шетел, алыс шетел, саяси, әкімшілік, көрікті.

3. *Мәтінді пайдаланып, сұрақтарға жауап беріңіз.*

1) Астана қай жылы еліміздің бас қаласы болды?

2) 1998 жылы 20 мамырда қандай оқиға болды?

3) 1998 жылы 10 мамырда қандай оқиға болды?

4) Астана қаласы қандай жерде орналасқан?

5) Астана қаласын дамытудың бас жоспарын жасаған кім?

6) Жаңа қаланың сәулеті қандай болмақ?

7) Астана қаласының еліміз үшін маңызы неде?

8) Бәйтеректің ұшар басынан нені көруге болады?

4. *Жақшаның ішіндегі сөздерді қазақ тіліне аударып, сөйлемдерді толық жазып шығыңыз.*

1) Бас қала Есіл өзенінің бойында (священный) Сарыарқа жерінде орналасқан.

2) Астана қаласында 100 – ден астам (представители наций) тұрады.

3) Ескерткіштің артында үлкен (здание) тұр.

4) Астана – (будущее) үлкен қала.

5. *Сөйлемнен сөз тіркестерін тауып, сызба жасаңыз.*

Ескерткіштің артында үлкен ғимарат тұр.

Үлгі: Ескерткіштің артында (зат есім + «артында»)

(зат есім + «артында») **«артында»** – бұл көмекші есім.

6. Ереже: Заттың, нәрсенің атын білдіріп, толық мағыналы сөзбен тіркесе жұмсалатын есімдерді көмекші есім дейміз. Көмекші есімдер септеледі. Көмекші есімдердің түбіріне, біріншіден, тәуелдік жалғаудың III жағы қосылады, сонан соң септік жалғау жалғанады.

Көмекші есімдер: үст (і), алд(ы), іш(і), аст(ы), арт(ы), қас(ы), сырт(ы).

1) Қазақ тілінде неше септік бар? 2) Атап шығыңыз. 3) Септіктердің жалғауларын еске түсірейік.

Көмекші есімдермен тіркесетін сөз ілік септікте тұрады. Ол келесі схемада көрсетілген.

а) *қасында*
үстінде

(Автобус суреті) *і.с.*

ішінде
астында

ә) *Схемамен жұмыс*

Мына схема бойынша сөз тіркестер және сөйлем құрастырыңыз.

ішінде

сөз + І.с. қасында
алдында

б) *Ойын. «Сөздерді сөйлетейік» (топпен жұмыс)*

Түстер бойынша сөйлемдер құрастыру, аудару. Барлық сөйлемдерде «ғимарат» сөзі болу керек. Көмекші есімдерді атаңдар.

Тұр *үстінде* жұмыс *істейді*

Ішінде *ту* алдында

ғимарат

бар *ескерткіш*

адамдар *көп*

в) *Қайталап, бекіту:* Сонымен көмекші есімдер дегеніміз не?

7. Фонетикалық жаттығу.

Ойын «Сандарды сөйлетейік». 1920 1925 1929 1991 1997 1998
А С Т А Н А

8. Ойын «Дұрыс па, әлде бұрыс па?»

- 1) Тәуелсіз Қазақстанның бас қаласы – Астана.
- 2) Астана – болашағы үлкен қала.
- 3) Менің қалам онша үлкен емес, бірақ өте әдемі.
- 4) Елорданың ортасында бесжұлдызды «Алатау» қонақ үйі салынды.
- 5) Мен Көкшетау қаласында тұрамын.

9. Сұрақ – жауап арқылы диалог құрастырыңыз

1. 1997 жылы қазанның 20-сында Қазақстан Республикасының Елбасы қандай жарлыққа қол қойды?
2. Қай кезде Ақмола қаласы Астана қаласы болып аталды?
3. 1998 жылғы маусымның 10-ында Астанада не өтті?
4. Астана қаласы қандай қалаға айналды?
5. Астана қай өзеннің бойында орналасқан?
6. Астана қаласында қандай көрікті жерлер бар?
7. Әсем Есілдің оң жағасында нелер бар?
8. Парламент үйінің алдында кімдердің ескерткіштері тұр?
9. Астана қаласында қанша ұлт өкілдері тұрады?
10. Астана ненің орталығы?

10. Мәтін бойынша жоспар құрастырып, мазмұндаңыз.



Астана

Қазақстан Республикасының ең алғашқы астанасы Орынбор (1920 - 1925), одан кейін Қызылорда (1925 - 1929), 1929 жылдан 1997 жылға дейін Алматы қалалары болды.

1997 жылы қазанның 20-сында Н. Ә. Назарбаев «Ақмола қаласын Қазақстан Республикасының

астанасы» деп жариялау туралы жарлыққа қол қойды. 1998 жылы мамырдың 6-сында Елбасының жарлығымен Қазақстан Республикасының астанасы Ақмола қаласы Астана қаласы болып аталды. Осы жылғы маусымның 10 – ында тәуелсіз Қазақстанның жаңа астанасының салтанатты ашылу рәсімі өтті. Сөйтіп, енді Астана қаласы Қазақстан Республикасының жаңа астанасы болды.

Аз уақыттың ішінде Астана қаласы көрікті қалаға айналды. Қаланың ортасынан ағып өтетін Есіл өзенінің екі жағындағы батпақ қалың өскен қамыстың орны қала халқы демалатын жағажайға айналды. Астана қаласы Президент сарайы, Парламент ғимараты, «Интерконтиненталь» қонақ үйі, Еуразия университетінің жаңа корпусы, Жастар сарайы, министрліктердің үйлері, көп қабатты тұрғын үйлер мен ғимараттар бой көтерді. Парламент үйінің алдында Төле би, Қазыбек би, Әйтеке бидің ескерткіштері орнатылды. Аспанға атылған ақ барыс мүсіні Қазақстанның ХХІ ғасырдағы бақытты болашағын білдіріп тұр.

Әсем Есілдің оң жағасында салынып жатқан жаңа Астананың сұлулығы ерекше. Мұндағы салынып жатқан құрылыстар алыстан көз тартады. «Бәйтерек» ғимараты Астана тұрғындарын, жақын, алыс шетелдерден келген қонақтарды таңқалдырады.

Астананың болашағы әлі алда. Ол Еуразиядағы ең әсем, сұлу, әйгілі қала болмақ. Астана - Қазақстан Республикасының саяси, әкімшілік, экономикалық мәдени орталығы, бас қала.

Тапсырмалар:

1. Мәтінді оқып, аударыңыз.

2. Мына сөздерді жазып алып, есте сақтаңыз.

болып аталды - был переименован, назван

мәртебе - статус

қабылданды - был принят

сәнділік - стиль

сымбаттылық - красота

алып - огромный

таңғажайып - удивительный

текше метр - кубический метр

құйма темір – бетон - монолитный железобетон

өзектемір - арматура

алақандағыдай - как на ладони

3. Мәтінді пайдаланып, сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Қазақ Республикасының ең алғашқы астанасы қай қала болды?
2. Одан кейін қай қала астана болды?
3. Алматы қай кездерде Қазақ Республикасының астанасы болды?
4. 1997 жылы қазанның 20-сында Қазақстан Республикасының Елбасы қандай жарлыққа қол қойды?
5. Қай кезде Ақмола қаласы Астана қаласы болып аталды?
6. Осы жылғы маусымның 10-ында Астанада не өтті?
7. Астана қаласы қандай қалаға айналды?
8. Астана қаласында қандай көрікті жерлер бар?
9. Әсем Есілдің оң жағасында нелер бар?
10. Астана ненің орталығы?

4. Сөйлемдерді орыс тіліне аударыңыз.

Астана қаласы көрікті қала болды. Есіл өзенінің екі жағы да, қала халқы демалатын жағажайға айналды. Әсем Есілдің оң жағасында салынып жатқан жаңа Астананың сұлулығы ерекше. Мұндағы салынып жатқан құрылыстар алыстан көз тартады. «Бәйтерек» ғимараты Астана тұрғындарын, жақын, алыс шетелдерден келген қонақтарды таңқалдырады. Аспанға атылған ақ барыс мүсіні Қазақстанның ХХІ ғасырдағы бақытты болашағын білдіріп тұр. Астана – Қазақстан Республикасының саяси, әкімшілік, экономикалық мәдени орталығы, бас қала.

5. Мына сөздерден зат есім, сын есім, үстеу жасаңыз.

- 1) ескерту, биік, министр, жетектеу, көру, саяхат, тұру, сұлу, мақтау;
- 2) салтанат, турист, қабат, негіз, аспан, арнау, сәулет;

3) жаз, жоғары, төмен, қысқы, ат, алды, сырты, қатар.

6. Мына сөйлемдерге грамматикалық талдау жасаңыз.

1) Қазақ Республикасының ең алғашқы астанасы Орынбор болды.

2) 1998 жылы мамырдың 6 – сында Елбасының жарлығымен Қазақстан Республикасының астанасы Ақмола қаласы болып аталды.

3) Аз уақыттың ішінде Астана қаласы көрікті қалаға айналды.

4) Қаланың ортасынан ағып өтетін Есіл өзенінің екі жағында қала халқы демалады.

5) «Бәйтерек» ғимараты Астана тұрғындарын, жақын, алыс шетелдерден келген қонақтарды таңқалдырады.

7. Сөйлемдерді қазақ тіліне аударыңыз.

6 мая 1998 года по Указу главы государства столица была переименована в Астану. 20 мая был принят закон «О статусе столицы Республики Казахстан». 10 июня состоялось торжественное открытие новой столицы независимого Казахстана. Город расположен на восточной стороне Сарыарки, на правом берегу реки Есиль.

По мнению нашего президента, в новой столице будет сочетаться стиль Европы и красота Востока. Гордость страны олицетворяет башня «Астана – Бәйтерек». Это огромное и удивительно красивое здание является первенцем программы «Астана - жаңа қала» Оно возвышается в центре столицы. Такие высотные здания как Бәйтерек до этого были построены в Сиднее и Анкаре. В строительстве этой огромной башни были использованны 2812 кубических метров монолитного железобетона, 999 тонн металлических конструкций и проката, 251 тонны арматуры. 2 быстроходных лифта мгновенно перевезут вас в панорамный зал, расположенный на высоте 97 метров. С вершины башни можно увидеть город как на ладони.

8. Сөздерді қазақ тіліне аударыңыз және оларды пайдаланып сұраулы сөйлемдер құрастырыңыз, ауызша жауап дайындаңыз.

Подписать указ; стала называться; праздничная церемония открытия; новая столица; в течение короткого времени; выросли; притягивают взгляд издали; восхищает; главный город.

9. Мәтін бойынша жоспар құрастырып, мазмұндаңыз.

10. Өлеңді жаттап алыңыз.

Нұр қала – Астана

Астана – алты алаштың тірегісің,

Арманы, қиялы мен тілегісің.

Сартылдап сары алтындай Сарыарқада,

Елімнің соғып тұрған жүрегісің!

Астана – биік, заңғар, шынар, асыл,

Өзіңе жол беріп тұр мына ғасыр.

Келешек көз жетпейтін замандарға,

Қазақтың мәртебесін бірақ асыр! (А. Кендірбекұлы)



«Қазақ елі» монументі

Тарихи – мемориалдық кешеннің жалпы аумағы 5,2 гектар, ал оның монумент орналасқан орталық тұғырнамасы 1 гектар жерді алып жатыр. Ақ мәрмәрдан құйылған монументтің биіктігі - 91 метр, бұл - Қазақстан тәуелсіздігін алған 1991 жылдың белгісі. Ал оның басындағы алтын түстес бояумен әрленген алып құс - Самұрық Қазақстанның тыныштығын «күзетіп» тұр. Монументтің түсі ақ. Ол

қазақстандықтардың достыққа адал, бауырмал, ақ ниетін паш етсе керек. Көптеген елдерде орнатылған мұндай стеллалар қара, кейде қызыл түсті болып

келеді. Стелла ақ колоннаның қақ ортасында, қызыл гранитпен жасалған төрт қырлы тұғырға отырғызылған. Оның төрт қырлы болған себебі дүниенің төрт бұрышына да Қазақстанның құшағы ашық, көңілі адал дегенді айғақтайды.

Ортақ Отанымыздың қарқынды дамуымен өркениетке бет алып, қуатты мемлекетке айналуының кілті бірлік пен татулықта екенін ұғына түсінудеміз. Достықтың алтын бесігінде тербетілген Қазақстан халқының ішінде жүздеген ұлттар мен ұлыстар бар. Өмір мен тағдыр тезінде қазақ пен өзге де халықтардың бауырластығы мен туыстығы ауыр сыңдарда шыңдалып, бір – бірін ажырамастай жақындастырды. Қазақ – тарихта жөн – жосықсыз ешкімге ала көзбен қарамаған, найза түгілі таяқ та көтермеген халық.

Ғасырлар бойы қалыптасқан осы ақкөкірек, қонақжай, достық пейіліміз ұрпақтан ұрпаққа мирас болып келеді. Ұлағатты мұрамыз келешек өміріміздің бұзылмас негізі кепілі екені әрбір ақ ниетті жанды сүйсіндірмей, тебіrentпей қоймайтыны анық.

Тапсырмалар:

1. Мәтінді оқып, аударыңыз.

2. Келесі сөздер мен сөз тіркестерін есте сақтаңыз.

тұғырнама – платформа

мәрмәр – мрамор

әрлеу – отделка

паш – известный, прославленный

айғақтау – свидетельствовать

өркениет – цивилизация

ауыр сын – тяжелое испытание

ақ ниетті жан – человек с добрыми намерениями

3. Елбасының мына сөздерін жаттап алыңыз:

«Халықтың достығы мен тұтастығы – біздің көпұлтты мемлекетіміздің басты құндылығы».

4. *Берілген сөйлемдерді орыс тіліне аударыңыз.*

Бәйтерек – Астананың, бүкіл Қазақстанның символы. Бәйтеректің биіктігі 97 метр. Бәйтеректің ең басында панорама залы бар. Панорама залынан төменге қарасаңыз, Астананы толық көре аласыз. Бәйтеректің басына лифтпен шыға аласыз. Бәйтерек бүкіл Қазақстандықтардың мақтанышы.

5. *Сөйлемдерді қазақ тіліне аударыңыз.*

1) Общая площадь историко – мемореального комплекса 5, 2 га.

2) Мы понимаем, что основой развития страны является единство и взаимопонимание.

3) Гостеприимство казахского народа передается из поколения в поколение как наследие.

6. *Берілген сөз тіркестерімен сөйлемдер құрастырыңыз.*

Ақ мәрмәр, төрт қырлы тұғыр, көңілі адал, ақ ниетті жан, өркениетке бет алу.

7. *Мәтінді кластер арқылы әңгімелеңіз.*

8. *Астананың көрнекі жерлері туралы шағын шығарма жазыңыз.*

9. *Мәтін бойынша сұрақтар құрастырыңыз.*

10. *Мәтінге жоспар құрастырып, мазмұндаңыз.*

Қазақстан Республикасының

Мемлекеттік рәміздері

Әр халықтың тарихына, салт-дәстүріне, мәдениетіне байланысты рәміздері болады. Қазақстанның да өз рәміздері бар. 1992 жылы 4 маусымда Қазақстан Республикасының **туы, елтаңбасы, әнұраны** туралы заң қабылданды. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерінің сипаттамасы және ресми пайдаланылу тәртібі конституциялық заңмен белгіленді.

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік нышандары туралы» 1996 жылғы қаңтардың 24-індегі Жарлығынан:

4-бап. Қазақстан Республикасының мемлекеттік Туын, Қазақстан Республикасының мемлекеттік Елтаңбасы мен Қазақстан Республикасының мемлекеттік Әнұранын қорлауға кінәлі адамдар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.



Қазақстан Республикасының мемлекеттік Туы

Мемлекеттік рәміздердің болмысын, мағынасын жақсы білу – бәріміздің, әсіресе, жас ұрпақтың парызы.

Мемлекеттік туымыздың түсі – ашық аспан түстес зеңгір көк. Зеңгір көк түс – табиғаттағы жеті түстің бірі. Көк түс – аспанның, ауа мен судың белгісі. Алғашқы геральдистердің бірі Ансельм жасаған кесте бойынша көк түс адалдықтың, тазалықтың белгісі. Мемлекеттік туымыз тек қана бір түсті – көк. Ол мемлекеттік тұтастық идеясын білдіреді.

Тудағы күн бейнесі – геральдика заңы бойынша – байлық пен берекенің белгісі. Тудағы қыран бейнесі – еркіндік белгісі. Ұлттық өрнек – қазақ халқының мәдениетін, поэтикалық және көркем танымын, өнерін білдіреді.

Мемлекеттік туымыздың авторы – суретші Шәкен Ниязбеков.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік Елтаңбасы



Біздің елтаңбамыз шеңбер ішінде. Шеңбер мағынасы – тіршілік, шексіз өмір дегенді білдіреді. Елтаңбадағы ең негізгі белгі – шаңырақ. Шаңырақ - үй, Отан деген ұғымды білдіреді. Қазақ халқында «Отан от басынан басталады» деген мақал бар.

Отбасы – шаңырақ, сіздің үйіңіз. Шаңырақ – қазақ елінің белгісі, рәмізі.

Шаңырақ әлемдік геральдика тарихында тұңғыш рет пайдаланып отырған бейне. Шаңырақ бар елтаңба тарихта болған емес.

Елтаңба композициясында – ай мүйізді алтын қанатты қос пырақ бар.

Ұлттық өрнек қазақ халқының тұрмысымен тығыз байланысты. Ат, жылқы, тұлпар – қазақ тұрмысының негізі.

Елтаңбадағы ең басты белгінің бірі – бес бұрышты жұлдыз бен елдің аты. Елтаңбаның негізгі бояуы – алтын түстес.

Мемлекеттік елтаңбамыздың авторлары – сәулетші Жандарбек Мәлібеков пен Шота Уәлиханов.

Тапсырмалар:

1. Мәтінді оқып, аударыңыз.

2. Мәтін мазмұнын еске түсіре отырып, келесі сөздерді аудармасымен дәптеріңізге жазып алыңыз да жаттаңыз.

рәміз - символ

еркіндік - свобода

мағына - смысл

ұлттық өрнек - национальный

орнамент

парыз - долг

көркем - художественный

түс - цвет

танымал - известный

тұтастық - единство

өнер - искусство

береке - изобилие

жас ұрпақ - молодое поколение

байлық - богатство

белгі - знак

қыран - орёл

бейне - изображение

шеңбер - круг

кос пырақ - мифические кони

тіршілік - жизнь

шексіз өмір - бесконечная жизнь

бес бұрышты жұлдыз - пятиконечная звезда

негізгі - основной

елдің аты - название страны

Отан - Родина

сәулетші - архитектор

Отбасы – очаг

ұғым - понятие

жанұя - семья

ай мүйізді - с лунообразными рогами

мақал - пословица

басты - главный

3. Мәтінді еске түсіріңіз және ауызша мазмұндауға дайындалыңыз.

Ол үшін мына сұрақтарға жауап беруге тырысыңыз.

1. Қазақ елінің туының түсі қандай?
2. Зеңгір көк түс ненің белгісі?
3. Тудағы күн бейнесі ненің белгісі?
4. Қыран бейнесі ненің белгісі?
5. Ұлттық өрнек қазақ елінің несін білдіреді?
6. Мемлекеттік туымыздың авторы кім?
7. Біздің мемлекеттік елтаңбамыз ненің ішінде?
8. Шеңбер мағынасы нені білдіреді?
9. Елтаңбадағы ең негізгі белгі не?
10. Шаңырақ қандай ұғымды білдіреді?
11. Қазақ халқында қандай мақал бар?
12. Елтаңба композициясында тағы не бар?
13. Елтаңбадағы ең басты белгінің бірі не?
14. Мемлекеттік елтаңбамыздың авторлары кім?

4. Мына сұрақтарды талқылаңыз.

- Қандай түсті жақсы көресіз?
- Қай елдің мемлекеттік туын білесіз?
- Түсі қандай?
- Ол түс нені білдіреді?

- Түске байланысты жер – су атауларын атаңыздар.

5. Оқыңыз, аударыңыз.

Мемлекеттік ту – мемлекетке тән ресми белгілердің бірі. Мемлекеттік ту мемлекеттік мекеме үйлерінде, шетелдегі елшіліктер мен консульдықтарда, мекемелерде, т.б. жерлерде көтерілетін арнаулы белгі.

Мемлекеттік тудың түсі, көлемі, оның өзіне тән белгілері конституцияда белгіленеді немесе басқа заңмен бекітіледі.

Мемлекеттік тудың барлық белгілері бар жалаушалар да болады. Олар келіссөз столдарында қойылады, ресми қонақтарды қарсы алу және шығарып салу кезінде машиналарға қадалады.

6. Басқа мемлекеттердің туларын сипаттаңыз.

7. Түркі тілдес мемлекеттердің елтаңбалары туралы пікір алысыңыз.

8. Берілген сөз тіркестерін аударып, сөйлемдер құрастырыңыз.

Подобный сердцу герба, крылатый скакун, духовное богатство, вера в будущее, светлая память, образ казахского народа, путеводная звезда, золотое солнце, крылатый скакун, знак верности и надежд, щедрость и зоркость, орнаментное украшение, честность и верность.

9. Ресей және Қазақстан мемлекеттерінің елтаңбаларын салыстырып сипаттап, сұхбаттасыңыз.

10. Түсіндірме сөздікті пайдаланып, «шаңырақ» сөзінің қандай мағыналарды білдіретінін анықтаңыз.

Үлгі: Алтын шаңырақ – Отан, туған жер, ... ,

11. Мәтін бойынша меңгерілген сөздерден сөзжұмбақ құрастырыңыз.

12. Жоспар құрастырып, кластер жасап, мәтінді мазмұндаңыз.



Ақшаның мәні мен маңызы

Тәуелсіздігіміздің бір белгісі – теңге. Теңге – Қазақстанның ұлттық ақшасы. Әр біріміздің көкейімізде Тәуелсіздігімізге деген нық сенім ұялаған. Бұл біздің барлығымыз үшін баға жетпес уақыт. Өйткені, төрт құбыла түгелденеді. Елтаңбамыз, Әнұранымыз, көк Туымыз бар. Оған өзіміздің ұлы ғалымның суреті салынған, көзге ыстық, көңілге жақын Теңге келіп қосылды.

«Теңге» сөзі – түрік тіліндегі «танға» немесе «даңға» деген сөздерінен шыққан. «Даңға» сөзі «даңғыр» деген етістік

тұлғасынан шыққан. Жібек Жолы заманында темір және мыстан жасалған ақшалар болған, оларды шелекпен тасып жүрген. Олардың даңғырынан «даңғыр» деп аталып, «даңға» сөзі шыққан.

Сонымен, әрбір дербес мемлекеттің өз ұлттық ақшасы бар. Мысалы: Ресейде – рубль, Европада – доллар т.б., ал Қазақстанда – теңге.

Егемен Қазақ елі өзінің жаңа ұлттық валютасын 1993 жылы қарашаның 15-де шығарды. Бұндай жақсы жаңалық қазақ елінің мәртебесін жоғары көтерді. Сөйтіп, қарашаның 15-нен бастап теңге – егемен елдің өз ұлттық ақшасы.

Олар: 1 теңге, 3 теңге, 5 теңге, 10 теңге, 20 теңге, 50 теңге, 100 теңге, кейінірек 200, 500, 1000, 2000, содан 5000 теңге қосылды. 1 теңге 100 тиынға тең. Темір тиындар: 1 тиын, 2 тиын, 5 тиын, 10 тиын, 20 тиын, 50 тиын. Теңгеде ғұлама ғалым, ойшыл, философ - ғалым Әл-Фарабидің бейнесі бейнеленген.

Ақша сатып алу мен сатуда құн өлшемі болып табылады. Ол жалпыға бірдей балама рөлін атқарады. Ақша басқа тауарлардың құнын көрсететін және олардың кез келгеніне айырбасталатын металл және қағаз белгілер. Қағаз ақша

айналысты алатын күмістің орнына жүреді. Шектен тыс ақша шығару (эмиссия) инфляцияға апарып соғады.

Заңнамалық тәртіппен белгіленген ақша белгісі ұлттық ақша жүйесі нышандарының бірі – ақша өлшемі деп аталады.

Ол тауарлардың бағасын шамалау және көрсету үшін пайдаланады.

Айналысқа жіберілген металл және қағаз ақшаның бүкіл көлемі шаруашылыққа қызмет етеді. Ол адамдарға, кәсіпорындар мен мемлекетке тиесілі (ақша жиыны).

Ақша реформасы ұлттық валютаны нығайту мақсатында елде ақша жүйесі қайта құрылды. Қазақстанда 1993 жылы қарашада ұлттық тенге айналымға енді.

Ақша жүйесі – ақша айналысын ұйымдастырудың әр түрлі елдерде тарихи түрде қалыптасқан және заңнамалық тәртіппен бекітілген нысандары. Ол ақша белгілерін шығаруды анықтаумен сипатталады, яғни валюталық металды, ақша өлшемін, тиын тәртібін және ақша белгілерін анықтайды.

Ақша айналысы дегеніміз ақша үздіксіз қозғалыста болуы.

Халық ақша құнын, оның толығы жолдарын жақсы білген.

Соған орай, мынадай мақалдар қалыптасқан.

- 1. Теңге тиыннан өсер, Копейка рубль бережет
Жылқы құлыннан өсер,*
- 2. Еңбексіз табылған, Без труда добытое,
Есепсіз жұмсалады легко расходиться.*

Әрбір елдің тағдырында үлкен тарих, шежіре жатыр. Ал біздің еліміз үшін ХХ ғасырдың маңызы зор. Себебі, еліміз тәуелсіздік алып, сол тәуелсіздіктің белгілеріне ие болдық. Біздің ұлттық бейнемізді, болмысымызды, тарихымызды көрсететін рәміздеріміз бар. Елтаңба, Әнұран және Туымызбен бірге тағы бір белгі – ұлттық теңгеміз бар.

Теңгенің авторы болу бақыты қылқалам шеберлері Қайролла Ғабжалилов пен Меңдібай Әлиннің үлесіне тиді. Олар Ұлыбританияның дымқыл ауасын жұтып, үлкен еңбектерінің нәтижесін елге жеткізді.

Адамдардың ішкі сырын білуге болады, ал теңгедегі 16-ға жуық құпия белгіні үкінің көзімен қарасаңыз да, байқай алмайсыз. Қазақстан теңгесі қазіргі ақша жасау технологиясының соңғы жетістіктеріне сүйеніп жасалған.

Біз мемлекеттік рәміздерді және ұлттық теңгемізді құрметтейміз. Себебі, теңге – тәуелсіздіктің үлкен бір белгісі, әрі халық үшін XX ғасырдағы үлкен жетістік. Инфляцияның алғашқы сынағынан сүрінбей өткен жаңа ақша – теңге – ел ішінде беделге ие болды.

Тапсырмалар:

1. Мәтінді оқып, аударыңыз.

2. Мәтінге қажетті сөздер мен сөз тіркестерін дәптеріңізге жазып алыңыз да есте сақтаңыз.

ақша белгісі – денежный знак	айналым – оборот
нышан – элемент	шаруашылық – хозяйство
ұлттық ақша жүйесі – национальная денежная система	ақша өлшемі – денежная единица
тәртіп – порядок	ақша жиыны – денежная масса
белгілеу – установить	ақша айналысы – денежное обращение
заңнама – законодатель	кәсіпорын – предприятия
шамалау – соизмерения	мәні, маңызы – значение
көрсету – выражения;	шектен тыс – чрезмерный
бүкіл көлем – весь объем	апарып соқтыру – приводит
айналыс – обращение	құн – цена
қызмет ету – обслуживать	нышан – форма

3. Мәтінге қойылатын сұрақтар қатарын жалғастырыңыз.

1. Ақша дегеніміз не?
2. Ақша жиыны неге тиесілі?
3. Ақша реформасы қандай мақсатта жүргізіледі?
4. Ақша жүйесі дегеніміз не?
5. Ақша өлшемі не үшін пайдаланылады?
6. ...

4. Мәтіннен зат есімдерді тауып, сөз құрамына талдаңыз.

ақша, құн, балама, тауарлардың, қағаз белгілер, алтын мен күмістің, инфляцияға, тәртіппен, нышандарының, бағасын, шаруашылыққа, адамдарға, кәсіпорындарға, мемлекетке, валютаны, қарашада, елдерде, нысандарды, металды, өлшемі, тәртібі.

5. Сөз тіркестерін жасаңыз.

ақша...; ...реформасы; ...валюта; ...ақша; шектен ...; ...реформасы; ұлттық ақша...; қызмет ...; ...тәртіппен; тауарлардың...; ...айналысы; ...елдерде.

6. Қазақша баламасын табыңыз.

Денежный знак, денежная масса, денежное обращение, национальная денежная система, законодатель, элемент, форма.

7. Мақал-мәтелдерден ақшаға қатысты сөзді табыңыз.

1. Бір уыс алтының болғанша,
Бір уыс топырағың болсын.
2. Алтын алма, алғыс ал.
3. Пәлен жерде бақыр бар, барсаң бақыр да жоқ, тақыр да жоқ (түркімен мақал-мәтелдері).
4. Алтын көрсе, періште жолдан таяр.

8. Даналар сөзін оқыңыз және мазмұндарын талдап өз сөздеріңізбен айтыңыз.

Ақша өкімет күшейген сайын күшейсе, әлсіреген сайын әлсірей береді.

Сауда тек қалта толтыруға, ғылым бас толтыруға жарайды.

Ғ.Мұстафин

Пайда ойлама, ар ойла.

Ұлым, саған айтайын өсиетін дананың.

Білімдіні таны да, соңынан ер, қарағым. Махмұд Қашқари

9. Ойын «Кім миллион ұтады?»

5000 теңгеде:

- а) «Ұлттық ақша» тақырыбына бір – екі салалас құрмалас сөйлем ойластырыңыз, қай түрі екенін айтып түсіндіріңіз

ә) «Теңге» тақырыбына салалас құрмалас сөйлем құрастырыңыз, түрін анықтаңыз.

2000 теңгеде: сөз тіркесін сөйлем мүшелеріне талдаңыз.

а) Біз тауарды ақшаға сатып аламыз.

ә) Ұлттық ақша мемлекетіміздің дербестігін білдіреді.

1000 теңгеде: Берілген сөздерден салалас құрмалас сөйлем құрастырып, түрін анықтаңыз.

а) Елу, біресе, теңге, қағаз, ақша, болып шықты, біресе, темір ақша, болып шықты, елу теңге.

ә) Әл-Фараби, 200 теңгеде де, бейнесі, 500, бейнеленген, теңгеде де.

500 теңгеде:

а) *Теңгеде* сөзін септеп, сөйлем ойластырыңыз.

ә) *Ақша* сөзін тәуелдеп, сөйлем ойластырыңыз.

10. *Төмендегі сөйлемдегі жаңа сөздер мен сөз тіркестеріне назар аударыңыз, өз сөзіңізбен түсіндіріңіз*

1. Тіл тағдыры – ел тағдыры.
2. Ел тағдырында үлкен шежіре бар.
3. Елтаңба, Әнұран, Ту – тәуілсіздік белгілері.
4. Ұлттық рәміздер халықтың тарихы мен болмысы туралы айтады.
5. Біз құпия құжатпен таныстық.
6. Үкінің көзі өткір.
7. Сіз мына жазуды байқамадыңыз ба?
8. Ғарышты игеру – ХХ ғасырдың үлкен жетістігі.

11. *Төмендегі мақалды қалай түсінесіз? Көршіңізбен пікірлесіңіз.*

«Жүз сомың болғаниша, жүз досың болсын».

12. *Мәтінді еске түсіріңіз және ауызша мазмұндауға дайындалыңыз. Ол үшін мына сұрақтарға жауап беріңіз.*

1.Еліміз тәуелсіздікті қашан алды?

2.Тәуелсіздік халыққа не берді, не береді? Сіз нені күтесіз?

- 3.Тәуелсіздіктің қандай белгілерін білесіз?
- 4.Теңгенің туған күні қашан?
- 5.Ұлттық ақшамыздың авторлары кімдер?
- 6.Теңгенің тұрақты болуы неге байланысты деп ойлайсыз?



Шаңырақ. Қазақтың киіз үйі

Шаңырақ ұғымы қазақтар үшін киелі де қасиетті ұғым. Негізгі мәні - киіз үйдің тірегі, басты бөлігі. Ауыспалы мағынасы – «үй», «отбасы», «әулет», «жанұя».

Шаңырақ ата-бабадан ұрпаққа берілетін рухани мұра. «Шаңырағын

шайқалтпау» деген отбасын сақтау, ұл – қыздарына дұрыс тәлім – тәрбие берумен астасып жатыр. «Шаңырағы ортасына түсті» деп үйінен, отбасынан айырылған адамды айтады. «Қара шаңырақ» ұғымы да ойлы әрі терең мағынаға ие. Уақытпен ұсталған, бірнеше ұрпақтың иісі сіңген отбасылық дәстүрді сақтап қалған, ата – ана мирас еткен үлкен үй. Қара шаңырақта отырған ұлға туыс - туғандары арнайы келіп сәлем береді, аунап- қунап жатады. Осы қасиеттеріне орай шаңырақ тәуелсіз Қазақстан Республикасының мемлекеттік Елтаңбасы негізіне алынып отыр. Байқасаңыз, аспан да, жер де дөңгелек, яғни бір шеңбердің ішінде. Шеңбер мағынасы тіршілік, шексіз өмір дегенді білдіреді және ынтымақ, біртұтастық, бірегейлік белгісі іспеттес. Киіз үйдің қасиеті туралы дүние жүзіне белгілі этнографтар, тарихшылар, мәдениет зерттеушілері тамсана жазған. Шетелдіктер де қазақтардың кемеңгерлігіне, тапқырлығына таңдай қағады. Жалпы қазақ халқының тұрмыс - тіршілігіндегі барлық зат пен нәрсе дөңгелек, жарты ай пішінінде болып келеді. Мысалы: дөңгелек үстел, бесік, сәукеле, бөрік, тақия, торсық, тостаған, күбі. Қазіргі сәулет үлгілері де осыған бейімделіп келеді. Мысалы: есікті аркамен алмастыру, бөлменің

ортасына сопақ, дөңгелек кілем төсеу. Демек өткен, осы, келер шақтардың үлесінде рухани мұра, рухани азық бола бермек, ол мәңгілік. Тума мәдениет, төл дәстүр – мәдениетаралық байланысты дамытатын бастау, қайнар көзі десек, артық айтпағанмыз.

Киіз үй – «Атамыз Алаш, керегеміз ағаш», «Киіз туырлықты, ағаш уықты қазақпыз», деп, аталы сөз айтып қалдырған ата – бабамыздың негізгі баспанасы. Шығу тарихы біздің заманымызға деінгі ғасырларда пайда болған киіз үйді біздің халық қасиетті, киелі қара шаңырағымыз деп дәріптейді. Өйткені киіз үй қазақтың тұрағы, құтты мекен – жайы, еншісі, баспанасы, мүлкі, мақтанышы деп бағаланады. Киіз үйден қазақ халқының аспан әлеміне, есептеу жүйесіне, экономикалық біліктілігі, мәдениет пен өнердегі талғамы жалпы өмір тәжірибесіндегі іске бейімділігі аңғарылады.



Киіз үй – тек баспана ғана емес, ол сәулет, құрылыс, сурет, қолөнер сияқты бірнеше өнердің басын құрайтын ғажайып туынды. Ол ағаш, киіз, ши, ішінара күмістен құрастырылады, әрі көшпелі құрылыс түріне жатады. Дала тұрғындарының

тапқырлық шешімін осы тұрғыдан қарап бағалаған әлем ғылымы, мәдениеті мен өнерінің білімпаз сарапшылары дүниежүзілік, халықаралық, этнографиялық көрмелерде қазақтың осы өнеріне әрқашан жоғары баға беріп отырған. Мысалы, 1861 жылы Парижде өткен Дүниежүзілік этнографиялық көрмеде қазақтың киіз үйіне еуропалықтар таңғалып, жүлделі орын берген. Германияның Гамбург, Майндағы Франкфурт қалаларындағы мұражайларда да қазақ киіз үйлері бар.

Киіз үйдің қазақы және қалмақы деп аталатын екі түрі бар. Қазақы үйлер дөңгелек, толық күмбезді болады да, қалмақы түрінің төбесі шошақтау келеді.

Қазақы үйлер пайдаланылуына, сән – салтанатына қарай бірнеше түрлерге бөлінеді. Мысалы, қара үй (үш қанат), қоңыр үй (төрт қанат), боз үй (бес қанат), ақ үй (алты қанат), ақ ала орда (сегіз қанат), ақ орда (он екі қанат), ақ шаңқан (он сегіз қанат), алтын үзік (жиырма төрт қанат), алтын орда (отыз қанат) деп аталатын түрлері бар. Сол сияқты көшіп – қонуға, уақытша паналауға немесе шаруашылық, жұмыс ретінде бейімделген үй түрлері болады. Олар қос, абылайша, күрке, кепе, итарқа, жаппа, жолым үй, ас үй, қалқа деп аталады. Жаңа үй болған жас шаңырақты «отау» дейді.

Тапсырмалар:

1. Мәтінді оқып, аударыңыз.

2. Мәтін мазмұнын еске түсіре отырып, келесі сөздердің аудармасын жазып алыңыз, есте сақтаңыз.

Киіз үй – юрта

баспана – жилье

дәріптеу – ценить

есептеу жүйесі – система исчисления

экономикалық білік – экономические знания, способности

талғам – вкус

өмір тәжірибесі – жизненный опыт

іске бейімділік – гибкость к делу

сәулет - архитектура

құрылыс - строительство

дала тұрғындары – степные жители

білімпаз сарапшылар – ученые-аналитики

этнографиялық көрме – этнографическая выставка

жас шаңырақ – молодая семья

3. Сөйлемдерді орыс тіліне аударыңыз.

Киіз үй ата – бабамыздың негізгі баспанасы. Киіз үйге халқымыз қасиетті, киелі қара шаңырақ деп құрметпен қарайды. Дала тұрғындарының

тапқырлық шешімін осы тұрғыдан қарап бағалаған әлем ғылымы, мәдениеті мен өнерінің білімпаз сарапшылары дүниежүзілік, халықаралық, этнографиялық көрмелерде қазақтың осы өнеріне әрқашан жоғары баға беріп отырған. Қазақы үйлер пайдаланылуына, сән – салтанатына қарай бірнеше түрлерге бөлінеді. Мысалы, кара үй (үш қанат), қоңыр үй (төрт қанат), боз үй (бес қанат), ақ үй (алты қанат), ақ ала орда (сегіз қанат), ақ орда (он екі қанат), ақ шаңқан (он сегіз қанат), алтын үзік (жиырма төрт қанат), алтын орда (отыз қанат) деп аталатын түрлері бар. Сол сияқты көшіп – қонуға, уақытша паналауға немесе шаруашылық, жұмыс ретінде бейімделген үй түрлері болады.

4. Келесі сөздерді қайталап, олардың мағынасын өзара талқылаңыз.

киіз үй	өнер
баспана	талғам
мекенжай	өмір тәжірибесі
тұрақ	іске бейімділік
мүлік	дала тұрғындары
енші	тапқырлық шешім
мақтаныш	білімпаз сарапшылар
аспан әлемі	этнографиялық көрме
есептеу жүйесі	еуропалықтар
экономикалық білік	сән - салтанат
мәдениет	

5. Сөйлемдерді аяқтап, толықтырыңыз және жазып алыңыз.

- 1) Шығу тарихы біздің заманымызға дейінгі ғасырларда пайда болған киіз үйді біздің халық
- 2) Киіз үйден қазақ халқының
- 3) Киіз үй – тек баспана ғана емес, ол
- 4) Дала тұрғындарының тапқырлық шешімін осы тұрғыдан қарап бағалаған ...
- 5) Шеңбер мағынасы ... білдіреді
- 6) Қазақы үйлер пайдаланылуына, сән – салтанатына қарай бірнеше

7) Жаңа үй болған жас шаңырақты

8) Көшіп – конуға, уақытша паналауға немесе шаруашылық, жұмыс ретінде бейімделген үй түрлері

6. *Мәтін мазмұнын еске түсіре отырып, киіз үйдің атауларын жазып алыңыз.*

7. *Мәтінді мазмұндауға дайындалыңыз. Ол үшін келесі сұрақтарға жауап беріңіз, сұрақтарды жалғастырыңыз.*

1. Шаңырақ ұғымы қазақтар үшін қандай ұғым?
2. Қара шаңырақ ұғымын қалай түсінесіз?
3. Шеңбер мағынасы нені білдіреді?
4. Киіз үй қазақ халқы үшін несімен қадірлі?
5. Киіз үй қандай туынды?
6. Киіз үй неден құрастырылады?
7. Киіз үйге дүниежүзі халқы қандай баға береді?
8. Киіз үйдің неше және қандай түрлері бар?
9. ...

8. *Сөйлемдерді қазақ тіліне аударыңыз.*

Юрта – это основное жилище наших предков. Наш народ относится к юрте как к священному имуществу, с уважением и почитанием. Купол казахских юрт имеет форму круга. Юрта это не только жилище, но и удивительное произведение, которое сочетает в себе искусство архитектуры, строения, прикладного искусства. Юрта – это передвижное сборное жилище, изготовленное из дерева, кошмы, войлока, тростника, отделанное украшениями, изготовленными из серебра.

9. *Киіз үй және оның жабдықтары кездесетін 10 мақал тауып жазыңыз.*

10. *Мәтінге жоспар құрастырып, мазмұндауға тырысыңыз.*

Қазақ халқының ежелгі баспанасы



Киіз үй – халқымыздың ертеден келе жатқан баспанасы. Ол көшіп-қонғанда тез жиып, шапшаң тігуге ыңғайлы, жазда ауасы таза, салқын. Қыста қазақтар киіз үйдің сыртқы киіздерін қос

қабаттап жауып, қыстап шыға берген. Киіз үй ұйытқып, қатты соққан дауылға жығылмайды, нөсерлеп жауған жаңбырдың суын өткізбейді.

Халқымыз XVIII ғасырдың екінші жартысында ғана балшықтан, шымнан қыстық үй (қыстау) сала бастағанымен, киіз үй осы күнге дейін бірге жасасып келе жатыр.

Қазақтың киіз үйі ішкі сүйегі (ағашы), сыртқы жамылғышына (киізі) қарай 4 қанат, 6 қанат, 8 қанат, 12 қанат, 24 қанат болып бөлінеді. Киіз үйді тігушінің әл-ауқатына қарай «ақ орда», «алтын орда», «хан орда», «ақ отау», кедейлер: «қараша үй», «қара лашық», «абылайша», «ұранқай», «жолым үй» сияқты үйлер тігілген.

Киіз үйдің сүйегі: (ағашы) кереге, уық, шаңырақ, маңдайша, табалдырық, сықырлауық (жарма есік), босаға, бақан шаңырақты көтеретін аша ағаш.

Киіз үйдің сыртқы киіздері: туырлық, үзік, түндік, іргелік, киіз есік, дөдеге.

Киіз үйдің баулары: құр, басқұр, уық бау, аспа бау, жел бау, түндік бау. Бұлар тоқылған, есілген түрлі түсті жіптерден жасалып, киіз үйге сән беріп тұрады.

Киіз үйдің дәл ортасында тамақ пісіру, шай қайнатуға арналған темір ошақ, мосы (үш аяқты таған) болады.

Киіз үйдің ішкі жиһаздары да әлеуметтік тұрмысқа қарай безендіріледі. Олар шамамен оң жақта ағаш төсек тұрады, оның үстіне төсек-орын, көрпе-жастықтар жиналады. Төсектің тұсына тұскиіз, алдына шымылдық ілінеді. Сол жаққа жүкаяқ қойылып, оның үстіне абдыра, абдыраның үстіне қонақтарға, бала-шағаға арналған көрпе-жастықтар жиналады. Киіз үйдің төменгі жағына азық-түлік салатын кебеже қойылады. Ал ыдыс-аяқ салатын аяққап керегенің басына ілінеді. Сол бұрышқа саба қойылады. Бұлардың бәрі тоқылған шимен қоршалып қойылады.

Міне, халқымыз ғасырлар бойы киіз үйдің әбзелдерін жетілдіре отырып, осындай үйде тұрып, сән-салтанат құрған.

Отау - ата-анасыннан үлкен шаңырақтан жеке үй болып өз алдында жеке киіз үй тігіп бөлініп шыққан жас отбасы. Балаларын отау етіп шығару – халқымыздың қуанышты да, салтанатты дәстүрі.

Ерте заманнан бері әрбір ата-ана балаларына шаңырақ көтеріп жаңа киіз үй тігіп, ішін жасап үй үшін керекті заттармен жабдықтап, еншісіне мал, жер бөліп берген. Үлкендерін отау етіп жеке шығарып, соңғы кішісін шаңырақ иесі деп алып қалған.

Үлкен шаңырақта қалған ұл жасы кіші болса да, үлкен үй, үлкен шаңырақ деп аталған. Баласы көп адамдардың отаулары кейін жеке ауыл құраған. Ол ауылдың аты әкелерінің атымен Емберген аулы, Ілияс ауылы, Қасым ауылы т.б түрде аталатын болған. Ауқатты адамдар қызына да отау тігіп ішін жасап, еншіге мал бөліп жеке үй отау етіп шығарған.

Қазақта «ен» деген сөз бар. Бұл-төрт түлік малдың бәрінің де құлағына салынатын белгі. Балаларын отау етіп шығарған ата-ана берген малдарының құлағына өзінікінен басқа ен салып, «Мынау сенің малдарыңның ені» деп көрсетіп, меншіктеп берген. «Енші», «енші беру», «енші алу» сөздерінің түпкі төркіні осы «ен» сөзінен шыққан. Халқымыздың «Еншің басқа, енің басқа» деуі осыдан.

Тапсырмалар:

1. *Мәтінді оқып, аударыңыз.*

2. *Мәтін мазмұнын еске түсіре отырып, келесі сөздерді аударыңыз, есте сақтаңыз.*

Киіз үй, баспана, кереге, уық, шаңырақ, табалдырық, сықырлауық (жарма есік), босаға, туырлық, үзік, түндік, іргелік, киіз есік, құр, басқұр, уық бау, аспа бау, жел бау, түндік бау, темір ошақ, жиһаздар, кебеже.

3. *Мағынасы ұқсас сөздерді (синонимдерді) жұптастырыңыз.*

- | | |
|-----------------|------------------|
| 1. үй | а. қаңқа |
| 2. құрметтейтін | ә. баспана |
| 3. жауын | б. жанұя, отбасы |
| 4. сүйек | в. сыйлайды |
| 5. әулет | г. өйткені |
| 6. қасиетті | ғ. жаңбыр |
| 7. дүниеге келу | д. киелі |
| 8. себебі | е. туылу |
| 9. қыста | ж. жаздыгүні |
| 10. жазда | з. қыстыгүні |

4. *Төмендегі сұрақтарға жауап беріп, жауабын жазыңыз.*

1. Киіз үй неліктен ыңғайлы баспана болып есептеледі?
2. Киіз үй иесінің әл-ауқатына қарай қандай түрлері болады?
3. Киіз үйдің сүйегін (ағаштарын) атаңыз.
4. Киіз үйдің киіздерін атаңыз.
5. Киіз үйдің бауларын атаңыз.
6. Киіз үйдің ішкі жиһаздары қандай?
7. Өзіңіз көріп жүрген киіз үй туралы әңгімелеңіз.
8. «Отау» сөзін қалай түсінесіз?
9. «Үлкен үй», «үлкен шаңырақ» деген сөздердің мәнін түсіндіріңіз.
10. «Ен салу» деген не?
11. «Енші» сөзінің түп төркіні қайдан шыққан?
12. «Енші алып шығу» осы күні бар ма?

5. Төмендегі сөз тіркестерін аударып, есте сақтаңыз.

Ақ отау - ақ киізден тігілген киіз үй.

Отау көтеру - үлкен шаңырақтан бөлініп шығып, жеке үй тігу.

Отау тігу - жас отбасының шаңырақ көтеруі.

6. Сөйлемдердің дұрыс- бұрысын анықтаңыз. Дұрыс сөйлемге +, қате сөйлемге – қойыңыз.

Киіз үйді соғады.

Киіз үйді керегеден бастап тігеді.

Бақанмен керегені көтереді.

Киіз үйдің сыртын киізден жасалған бұйымдармен жабады

Бір – бірін киізбен бекітеді.

Уықтың үстіне «үзік» деп аталатын киізді жабады.

Керегеге түндікті байлайды.

Шаңырақты уықтар ұстап тұрады.

7. Сұхбатты мәтін ретімен жалғастырып жазыңыз және әңгімелесіңіз.

1) Киіз үй қашаннан бері келе жатқан баспана?

- Киіз үй халқымыздың ерте заманнан келе жатқан баспанасы.

2) Ол неліктен ыңғайлы?

- Ол тез жиып, шапшаң тігуге ыңғайлы, жазда ауасы таза, салқын.

3) _____

- _____

4) _____

- _____

8. Сөздерді ретімен қойып, сөйлем құрастырыңыз.

1) Киіз үйдің, ішкі, жиһаздары, да, әлеуметтік, тұрмысқа, қарай, безендіріледі.

2) Төсектің, алдына, тұсына, тұскиіз, шымылдық, ілінеді.

3) Киіз үйдің, азық-түлік, төменгі, жағына, салатын, кебеже, қойылады.

4) Үлкен, қалған, ұл, жасы, шаңырақта, кіші, болса да, үлкен үй, деп аталған, үлкен, шаңырақ.

5) Баласы, ауыл, отаулары, кейін, көп, адамдардың, жеке, құраған.

9. Сөйлемдерді орыс тіліне аударыңыз.

Киіз үйдің сүйегі: (ағашы) кереге, уық, шаңырақ, маңдайша, табалдырық, сықырлауық (жарма есік), босаға, бақан шаңырақты көтеретін аша ағаш.

Киіз үйдің сыртқы киіздері: туырлық, үзік, түндік, іргелік, киіз есік, дөдеге.

Киіз үйдің баулары: құр, басқұр, уық бау, аспа бау, жел бау, түндік бау.

Бұлар тоқылған, есілген түрлі түсті жіптерден жасалып, киіз үйге сән беріп тұрады.

Киіз үйдің дәл ортасында тамақ пісіру, шай қайнатуға арналған темір ошақ, мосы (үш аяқты таған) болады.

10. Мәтінге жоспар құрыңыз. Мазмұндаңыз.



Қазақ музыкасы – өмір айнасы

Музыка – гректің «мусике» - «музалар өнері» деген сөзі. Музыка адамзат тарихында қоғамдық, мәдени, тәрбиелік және ұйымдастырушылық рөл атқарады. Адам сезімін, ойын, оның ерік-күшін дыбыстық формада суреттейді. Қазақтың ұлттық

музыкасы – халық өмірінің айнасы. Ол ғасырлар бойы қалыптасты. Әбу Насыр Әл-Фараби 10-11 ғғ. «Музыканың ұлы кітабы» деген трактат жазды. Одан бұрынғы Қорқыт 8 ғ., одан кейінгі Қазтуған мен Асан Қайғы 15 ғ. – қазақтың көне музыка өнерінің өкілдері.

Халық ән-күй арқылы эпикалық аңыздар мен тарихи оқиғалар, даналық ойларды бейнеледі. Ауыл ақсақалы елге әнмен бата берді, ақсақалдар кеңесі ән немесе күймен ашылды. Жақсылық хабарларды терме түрінде жырлау, үйлену тойында, қыз ұзату, жастар сауық кештері, салтанаттарында ән айту, күй тарту дәстүрі бар. Бесік жыры, балалар әндері айтылды. Өлген адамға әнмен жоқтау арналады.

Біржан, Ақан, Жаяу Мұса, Құрманғазы, Абай, Дина сияқты халық

композиторлары өздерінің күйлері мен әндерінде халық өмірін суреттеді. Әнші-композитор, күйші-композитор ән мен күй шығарды. Орындаушылар жырау, жыршы, әнші, күйші, сайқымазақ, сері, сал деп аталды.

Қазақтың 50-ден астам музыка аспабы болған. Оның ішінде шертер, сазсырнай, шанқобыз, даңғыра, асатаяқ бар, ең көп тарағаны домбыра, қылқобыз, сыбызғы, сырнай аспаптары.

Қазақ музыка мәдениетінің өсіп дамуына күш жұмсаған академик Ахмет Жұбанов, композиторлар Мұқан Төлебаев, Ғазиза Жұбанова.

Қазақ опералары, симфониялары, күйлері мен әндері дамыды. Қазақтың опера және балет театры, Қазақ филармониясы, Құрманғазы атындағы академиялық халық аспаптар оркестрі, симфония оркестрі, Қазақтың хор капелласы, Қазақ республикалық ән-би ансамблі, көптеген эстрадалық оркестрлер және ансамбльдер бар.

Тапсырмалар:

1. Мәтінді оқып, аударыңыз.

2. Келесі сөздер мен сөз тіркестерін есте сақтаңыз.

ерік күші – сила воли

сезім – чувство

бата беру – благословить

қалыптасу – становиться,
формироваться, закрепиться

қыз ұзату – проводы невесты

жастардың сауық кеші –

молодежный вечер

бесік жыры – колыбельная

жоқтау – поминальный плач

сайқымазақ – шут

3. Берілген сөйлемдерді орыс тіліне аударыңыз.

1) Халық ән-күй арқылы эпикалық аңыздар мен тарихи оқиғалар, даналық ойларды бейнеледі.

2) Ауыл ақсақалы елге әнмен бата берді, ақсақалдар кеңесі ән немесе күймен ашылды.

3) Жақсылық хабарларды терме түрінде жырлау, үйлену тойында, қыз ұзату, жастар сауық кештері, салтанаттарында ән айту, күй тарту дәстүрі бар.

4) Бесік жыры, балалар әндері айтылды.

5) Өлген адамға әнмен жоқтау арналады.

4. Сөйлемдерді аяқтаңыз.

1) Музыка – гректің «мусике» - «музалар өнері»

2) Музыка адамзат тарихында ... , тәрбиелік және ұйымдастырушылық рөл атқарады.

3) Адам сезімін, ойын, оның ерік-күшін ... формада суреттейді.

4) Қазақтың ұлттық музыкасы – халық өмірінің

5) Ол ... бойы қалыптасты.

5. Дина Нұрпейісованың өмірі мен шығармашылығы туралы материал дайындаңыз.

6. Қазақтың музыкалық аспаптары туралы презентация дайындаңыз.

7. Қостанай облысындағы өнер орындары туралы хабарлама жазыңыз.

8. Мәтіндегі сын есімдеріне талдау жасаңыз.

9. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Музыка сөзінің төркіні қайдан шыққан?

2. Музыканың өмірдегі рөлі қандай?

3. Қазақтың ұлттық музыкасының арғы аталары кімдер?

4. Халық музыкасының қандай жанрлары болған?

5. Қандай халық композиторларын білесіз?

6. Қазақтың қандай музыка аспаптары болған? Оларды атаңыз.

7. Қай композиторлар, әншілер қазақ музыка мәдениетінің өсіп дамуына күш жұмсаған?

8. Қазақстанның музыка ұжымдарын атаңыз.

10. Мәтінге жоспар жасап, мазмұнын айтып беріңіз.



Жаңа қазақ киносы

Қазақтың жаңа толқынының феномені 80-жылдардың соңында дәстүрлі қазақ киносы күтпеген құбылыс болып енді. Рашид Нұғмановтың «Ине» және Серік Апырымовтың «Соңғы аялдама» фильмдері

осы толқынның басы болып есептеледі. Алғашқы аталған фильм Қазақстанның қалалық өмірін әңгімелейді. Бірінші фильм жаңарудан кейінгі уақытты көрсетсе, екіншісі – қазіргі ақиқат өмірдің көрінісін баяндайды. Бұл екі режиссер де ВГИК-тің актерлік факультетінің студенттері, жетекшілері – Сергей Соловьев, Ресейдің белгілі кинорежиссері. Олар өздерінің дипломдарын алғанға дейін-ақ, алғашқы толықметражды фильмдерін түсіріп үлгерді. Олардың осы еңбектері халықаралық сенімге ие болды.

Бұдан кейінгі жас кинорежиссерлер қазақ киносында әйгілі болды. Олар да Соловьевтің студенттері болып есептеледі. Олар жаңа қазақ толқынының негізін салды. Жас режиссерлердің алғашқы қадамдары қазақ кинематографиясына абырой алып келді. Әмір Қаракұловтың «Ағайынды екі жігіттің арасындағы әйел» фильмі Венеция фестивалінде ерекше ықылас тудырды, Ардақ Әмірқұловтың «Отырардың күйреуі» - Монреальда, Дәрежан Өмірбаевтың «Қайрат» - Локарнода, Абай Қарпықовтың «Воздушный поцелуй» фильмдері 1991 жылы ТМД фильмдерінің стилі жағынан ең үздік фильм болып есептеледі.

Жаңа қазақ киносының дамуы тек қана Сергей Соловьевтің актерлік студиясы түлектерінің арқасында ғана емес, сонымен бірге жас режиссерлердің кинематограф тілін жаңаша түсінуімен де байланысты болды.

Қазақ зиялыларының өмірдегі ізденістерін бейнелейтін фильмдер де дүниеге келді. Бұл тарихи фильмдер: Ардақ Әмірқұловтың «Отырардың күйреуі», Дәмір Манабаевтың «Сұржекей – ажал періштесі», Болат Ысқақов пен Болат Қалымбетовтың «Соңғы суық күндер», Сламбек Таукеловтың

«Батыр Баян»; философиялық фильмдер, мысалы, Аманжол Айтуаровтың «Прикосновение», Ермек Шынарбаевтың «Кек»; Қазақстанның қазіргі өмірі жайлы, мысалы, Серік Апырымовтың «Жас жігіттің күнделігі», Болат Қалымбетовтың «Айналайын», Александр Баранов пен Болат Келибаевтың «Трое» және «Женщина дня», Талғат Теменовтің «Махаббат бекеті», Тимур Сүлейменовтің «Саяхаттаушы», саяси фильмдер – Қалақбек Салықовтың «Желтоқсанның ашыналары», Талғат Теменовтің «Қызғыш құс» фильмі және тағы басқалар.

Сатыбалды Нарымбетов – белгілі режиссер, әрі жазушы. С. Нарымбетов 1996 жылы Парижде француз киноакадемиясының 29-шы халықаралық конкурсына қатысты. Осы конкурста «Ең үздік шетелдік фильм» номинациясы бойынша Жорж Садуль атындағы Бас жүлде – еуропалық «Оскардың» жүлдегері болды. Француз киносыншысы және кинотарихшысы Жорж Садуль атындағы бұл конкурсқа шығармаларды Француз академиясы жыл бойы таңдайды. Бұл конкурсқа қатысу үшін 252 фильм көрсетілді. Тек қана 10 фильм конкурсқа жіберілді.

Сатыбалды Нарымбетовтің «Көзімнің қарасы» «Жизнеописание молодого аккордеониста» фильмі Бас жүлдені жеңіп алды. Осы конкурстың Бас жүлдесін бұрын ТМД режиссері Сергей Параджанов, Георгий Данелия, Отар Иоселиани, Александр Герман алған. Фильмді және Нарымбетовті үздік кинорежиссер ретінде Еуропа елдерінде насихаттау үшін 120 мың франк бөлінді. Осыған дейін бұл фильм Анже қаласында «Премьер Планс» халықаралық кинофедерациясының және Еуропа қызметшілерінің халықаралық кинофедерациясының «Авторлық киноға» сыйлығын, 45-ші Берлин Халықаралық кинофестивалінің «Гран-при» Бас жүлдесін жеңіп алды. «Көзімнің қарасы» - махаббат туралы фильм. Бұл – ата – анаға махаббат, әйелге махаббат, балалық шаққа махаббат. Бір сөзбен айтқанда, балалық шақпен қоштасу туралы фильм.

Тапсырмалар:

1. *Мәтінді оқып, аударыңыз.*

2. *Келесі сөздер мен сөз тіркестерін аударып, есте сақтаңыз.*

Дәстүрлі кино, жаңа толқын, күтпеген құбылыс, қазіргі өмірдің көрінісі, халықаралық сенім, алғашқы қадам, ерекше ықылас, абырой алып келді, ең үздік фильм, өмірдегі ізденістер, қазақ зиялылары.

3. *Берілген сөз тіркестерін аударып, құрмалас сөйлем құрастырыңыз.*

Традиционное казахское кино, выпускники актерской студии, дебют молодых режиссеров, неожиданное явление, новое восприятие, новая волна, жизнь аула, городская жизнь, особое мнение, повествование жизни, развитие казахского кино.

4. *Мәтінге сұрақтар қойыңыз.*

5. *Мәтіннің мазмұны бойынша көршіңізбен әңгімелесіңіз.*

6. *Ардақ Әмірқұловтың «Отырардың күйреуі» атты тарихи фильмі туралы көршіңізбен пікір алысыңыз.*

7. *Қазақстанның қазіргі өміріне арналған фильмдер туралы пікірлесіңіз.*

8. *Сатыбалды Нарымбетовтің шығармашылығы туралы әңгімелесуді жалғастырыңыз.*

а) Сатыбалды Нарымбетов кім?

ә) 1996 жылы қайда қатысты?

б) Конкурса қатысу үшін қанша фильм көрсетілді?

в) Қанша фильм конкурса жіберілді?

г) Сатыбалды Нарымбетов қандай жүлдеге ие болды?

д) ...

9. *Талғат Теменовтің «Махаббат бекеті» атты фильмі бойынша пікір алысыңыз.*

10. *Мәтінге жоспар жасап, мазмұнын айтып беріңіз.*



НАУРЫЗ – жыл басы

Ежелгі заманнан бері шығыс халықтары Наурыз мерекесін тойлап келеді. Бұл мереке табиғат пен адамның үндестігін көрсетеді. Наурыз - күн мен түннің теңелген күні, яғни бір тәуліктегі күн мен түннің ұзақтығы бірдей болған

күн. Көктемгі күн тоғысы наурыз айының 21-нен 22-сіне ауысқан түні болады. Осы уақыттан бастап күн ұзарып, түн қысқарады. Наурыз жыл басы. Парсы тілінде «нау» - «жаңа», «руз» - «күн» деген ұғымдарды білдіреді.

Наурыз күнін адамдар жаңа жылдың басы - «Ұлыстың ұлы күні» деп атап, зор қуанышпен қарсы алған. Наурыз күні халық, таза киініп, бірін-бірі құттықтап, қуаныш дастарханын барынша мол жаяды.

Наурыз – діни мейрам емес, жалпы халықтық мереке. Наурыз – табиғат мейрамы, аса зор салтанат, ұлы жиын. Адамдар бұл күні «бәріміз де табиғат перзентіміз, оны аялайық, бергеніне риза болайық», – дейді.

Бұл күні қандай күнә болса да кешірілуге тиіс, жеке адамдар арасындағы бас араздықтар да кешірілуге тиіс. Ерте кезде Орта Азия әкімдері: «Бұл күні Самарқанның көк тасы да жібиді»- деп, зынданда жатқан тұтқындардың қол – аяғын босатып кешірім берген.

Бұл күні адамдар бірін-бірі мынадай сөздермен құттықтаған: «Ұлыс құтты болсын!», «Ақ мол болсын!», «Төрт түлік ақты болсын!», «Ұлыс береке берсін!», «Бәле-жала жерге енсін!» Сөйтіп адамдар бір-бірінің қатесін кешіріп, татуласады, оның аяғы ойын-сауық, ән-күйге жалғасады. Халқымызда бұл күнге арналған «Наурыз тойы», «Наурыз жыры», «Наурыз көже», « Наурыз батасы» сияқты салт-дәстүрлер бар.

Наурыз көже азықтың жеті түрінен жасалады. Бұл қазақ тіліндегі «Жеті» сөзімен байланысты шыққан. Қазақстанның әр жерінде көженің құрамына

салынатын азық-түлік әр түрлі болғанмен, жетіден аспауы керек. Наурыз көженің құрамына негізінен бидай, тары, күріш, ет, сүт, тұз, су, т.б. қосылуы керек. Бұған қыстан шыққан қазы, шұжық, сүр ет сияқты сыйлы, сыбағалы мүшелер де қосылады. Осыдан кейін әр отбасы ағайын, туған-туыстарына, көршілеріне дәм таттырады.

Наурыз мерекесін Кеңес өкіметі діни салт деп қарап, 70 жыл бойы тойлатпай келді. Еліміз егемендік алғаннан бері «Наурыз» күні қайта тойлана бастады және ол республикамыздың барлық жерінде қолдау табуда.

Халық наурыз мерекесіне алдын-ала дайындалады. Үйдің іші ескі, қажетсіз заттардан тазартылып, үйге қос шырақ жағылады. Ыдыстардың барлығы ернеуіне дейін айранмен, сүтпен немесе бұлақ суымен толтырылады. Бұл - тоқшылықтың белгісі. Мереке сәлемдесуден басталады. Ер адамдар қос қолдасып амандасса, әйелдер құшақтасып амандасады. Сәлемдескен кезде «Жасың құтты болсын!», «Ұлыс береке берсін!» деген сияқты тілектер мен құттықтаулар айтылады. Енді ақсақалдар да, жастар да көкжиекті көру үшін жазық далаға шығады. Адамдардың барлығы: «Армысың, қайырымды Күн – Ана!» - деп, күнге басын иеді.

Күнге тағзым еткеннен кейін, ер адамдар қолдарына күрек алып, бұлақтарды тазартады. «Бұлақ көрсең, көзін аш!» - деген сөздер содан қалған. Бұлақтардың қасына ағаштар отырғызылады. «Бір тал кессең, он тал ек» - деген сөз осыдан шыққан болу керек. Наурыз күні қыздар жігіттерге дәмді тағам пісіреді. Ал, жігіттер қыздарға сыйлау үшін айна, тарақ, иіссеу дайындайды.

Түсте бүкіл халық жеті түрлі тағамнан жасалған наурыз көже ішеді. Дастархан басында жастар үлкендердің батасын алған. Бата – үлкендердің өзінен жасы кішілерге беретін ықыласты тілегі. Ақсақалдар: «Ұлыс оң болсын! Ақ мол болсын, қайда барсаң жол болсын!» - деп бата береді.

Кешке жақын жұрт үлкен айтысқа жиналады. Айтыс – домбырамен сүйемелденетін ақындардың өлең жарысы. Оған үлкендер де, жастар да қатысқан. Наурыз айтысы – жақсылық пен жамандықтың, суық пен жылының, жаз бен қыстың айтысы. Ақындар таң атқанша айтысады. Сөз жарысын

жақсылықты дәріптеген ақын жеңеді. Мереке қызған кезде жастар алтыбақан жанында ұлттық ойындар ойнайды. Ән айтып, би билейді. Той тойға ұласады.

Міне, Наурыз мерекесі осылай тойланады.

Құрметті халайық! Наурыз мерекесі баршаңызға құтты, берекелі болсын!
Ұлыс күні оң болып, ақ мол болсын!

Тапсырмалар:

1. *Мәтінді оқып, аударыңыз.*

2. *Мәтін мазмұнын еске түсіре отырып, келесі сөздерді және сөз тіркестерін аударыңыз, есте сақтаңыз.*

Шығыс халықтары, табиғат пен адамның үндестігі, күн мен түннің ұзақтығы, көршілеріне дәм таттырады, татуласады, дастархан жаяды, көк, жыл басы.

3. *Берілген сөз тіркестерімен сөйлемдер құрыңыз.*

Жалпы халықтық мереке, қуаныш дастарханы, наурыз көже, ұлыстың ұлы күні, салт – дәстүр, мерекені тойлау, сүр ет, әр отбасы.

4. *Сөйлемдерді орыс тіліне аударыңыз.*

1) Бұл күні қандай күнә болса да кешірілуге тиіс, жеке адамдар арасындағы бас араздықтар да кешірілуге тиіс.

2) Ерте кезде Орта Азия әкімдері: «Бұл күні Самарқанның көк тасы да жібиді»- деп, зынданда жатқан тұтқындардың қол –аяғын босатып кешірім берген.

3) Бұл күні адамдар бірін-бірі мынадай сөздермен құттықтаған: «Ұлыс құтты болсын!», «Ақ мол болсын!», «Төрт түлік ақты болсын!», «Ұлыс береке берсін!», «Бәле-жала жерге енсін!»

4) Адамдар бір-бірінің қатесін кешіріп, татуласады, оның аяғы ойын-сауық, ән-күйге жалғасады.

5) Халқымызда бұл күнге арналған «Наурыз тойы», «Наурыз жыры», «Наурыз көже», «Наурыз батасы» сияқты салт-дәстүрлер бар.

5. *Наурыз бата, Наурыз тілек жазыңыз.*

6. *Жеті санымен байланысты қасиетті ұлттық ұғымдарды атаңыз.*

7. *«Наурыз – жыл басы» тақырыбына шағын шығарма жазыңыз.*

8. *Мына сөйлемге синтаксистік талдау жасаңыз.*

Еліміз егемендік алғаннан бері «Наурыз» күні қайта тойлана бастады және ол республикамыздың барлық жерінде қолдау табуда.

9. *Мәтін бойынша төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз, жалғастырыңыз, мәтінді мазмұндауға дайындалыңыз .*

1. Наурыз қандай мереке?

2. Наурызды халқымыз қалай қарсы алған?

3. «Наурызда Самарқанның көк тасы да жібиді» дегенді не үшін айтқан?

4. Наурыз күні берілетін баталардың түрлеріне мысалдар келтіріңіз.

5. Өздеріңіз дайындап жүрген наурыз көже туралы әңгімелеңіз.

6. Наурызды кеңес өкіметі неге тойлатпады?

7. Қазіргі кезде өздеріңіз Наурызды қалай қарсы алып жүрсіз?

10. *Мәтінге жоспар құрыңыз. Мазмұндаңыз.*

Әлемге ортақ мереке

Наурыз мерекесі дүниежүзі халықтарының көпшілігінің тұрмыс-салтында орын алғаны белгілі. Мысалы, бұл мейрамды гректер «Патрих» деп атаса, хорезмдіктер «Наусарджи», татарлар «Нардуган, армяндар «Навосарди», чуваштар «Норис олхе» деп атайды. Христиан дінін қабылдағанға дейін Ежелгі Русь те жаңа жылды 1 наурызда қарсы алған. Ал ағылшындар XVIII ғасырдың бас кезіне дейін жаңа жылды 29 наурызда мерекелеген. Иранда Наурыз мерекесін бірнеше күн тойлайды. Бұл күндері олар әр жерге лаулатып от жағып, оның үстінен әрі-бері секіреді. Онысы: «От сияқты сұлу болайық» дегені. Бір-біріне жеті ақ кесемен дәстүрлі ұлттық көже «сумалақ» ұсынады, бір-біріне гүл ұсынып, үйлерінің қабырғаларына дөңгелек ою - «күн символын» салады, үйдің тіреу ағаштарына гүл іледі.



Ал ежелгі түркі елінде жаңа киімдерін киіп, алты күн садақ тартып машықтанып алғаннан кейін, 7 – ші күні алтын теңге - жамбы атып жарысады. Егер кімде кім бірінші атып түсірсе, бір күн елге патша болатын көрінеді. Бұл дәстүр гректерде де бар екен.

Жаңа жылды қуана қарсы алу — дүниежүзінде ежелден бар дәстүр. Дегенмен елдің бәрі бірдей бұл мерекені 31 желтоқсанда тойламайтын көрінеді.

Мысалы, Үндістанда жаңа жылды қазан-қараша айларының тоғысқан сәтінде тойлайды екен. Үнділіктердің сенімі бойынша, жаңа жылдың алғашқы күні қалай өтсе, бүкіл жыл солай өтпек. Сондықтан да бұл күні біреуге кектенуге, ренжуге, ашулануға, ұрсысуға, жабығуға болмайды. Барлық жерде де ән-күй, би, көтеріңкі көңіл және шынайы қарым-қатынас салтанат құрғаны жөн делінеді.

Ал Мьянмада (бұл мемлекеттің бұрынғы аты - Бирма) аталған мейрам жылдың ең ыстық мезгіліне сәйкес келеді. Көнеден келе жатқан ұлттық дәстүр бойынша, бұл күні мьянмалықтар бір-бірінің үстіне су құяды.

Румынияда бұл мейрамды көне тұрмыс-салт әндерімен қарсы алады. Оны орындаушылар қолдарына бұтақтар мен таяқтарға бекітілген жасанды гүлдер, қоңыраулар ұстайды.

Бразилиялықтар жаңа жылды тек қана ақ түсті киіммен мерекелейді. Бәрі де ағаш тақталарға орнатылған балауыз шырақтарды мұхит бетіне жібереді де, ішінен тілек тілейді.

Голландияда мерекелік дастарханға міндетті түрде ішіне мейіз салынып пісірілген күлше нан қойылады. Бұл нан тек осы күнге арналып, жылына бір-ақ рет әзірленеді. Сағат тілі түнгі 12-ні соққан кезде голланд порттарында қаптаған кемелер бір мезгілде гудок беріп, отшашу атады.

Гвинеяда жылдың алғашқы күнінде адамдар міндетті түрде көшеге піл жетектеп шығады. Сонан соң ән айтылады, би биленеді.

Қытайда жаңа жылдық дастарханға міндетті түрде нарцисс гүлі қойылуы керек.

Ливанның мемлекеттік жалауында самырсын (бал карағай) бейнеленген. Сондықтан ливандықтар жаңа жылда ортаға өзгелер секілді шыршаны емес, самырсынды қойып, безендіреді.

Венгрлердің мерекелік дастарханында үйрек, қаз, тауық атаулы мүлде болмайды. Осы халықтың сенімі, ұғым-түсінігі бойынша бұл күні құс етін жеуге болмайды, өйткені шаңыраққа бақыт құсы қонбай, ұшып кетуі мүмкін.

Тапсырмалар:

1. *Мәтінді оқып, аударыңыз.*

2. *Мына сөздерді аударыңыз, есте сақтаңыз.*

Тұрмыс - салт, дәстүрлі ұлттық көже, гүл ұсыну, дөңгелек ою, ежелгі түркі елінде, гүл ілу, мерекелік дастархан, көтеріңкі көңіл, шынайы қарым - қатынас, салтанат, тойламайтын көрінеді, тоғысу, сәт, кектену, шынайы, көне, балауыз, шырақтар, топ - томпақ, күлше нан, ортақ мереке.

3. *Сұрақтарға жауап беріңіз.*

1. Қандай мерекелерді білесіз?
2. Қай мереке сізге ұнайды?
3. Қазақстанға тән қандай мерекелерді білесіз?
4. Әлемге ортақ қандай мерекені білесіз?
5. Сіздің елде жаңа жыл қашан тойланады?
6. Ұлттық тағамдар дайындалады ма?
7. Қазақстанда Наурызды қарсы алып көрдіңіз бе?
8. Наурыз табиғат мерекесі ме?
9. Наурызда ұлттық тағамдар жеп көрдіңіз бе?

4. *Наурызға байланысты ресми құттықтаулар жазыңыз.*

(Иранға, Өзбекстанға, Қырғызстанға, Түркияға).

5. *Наурызбен телефон арқылы досыңызды, әріптесіңізді құттықтаңыз.*

6. *Мына шағын мәтінге назар аударыңыз, орыс тіліне аударыңыз.*

22 наурыз күн мен түннің теңелген күні. Сонымен қатар жаңарудың, көгеріп-көктеудің, өсіп-өнудің басы. Демек, табиғаттың өзі ұсынып отырған жаңа жыл. «Наурыз» парсы сөзі. Қазақша аудармасы — «жаңа күн».

7. *Наурыз мерекесі туралы көршіңізбен сұхбаттасыңыз.*

8. *Топ болып мына сұрақтарды талқылаңыз.*

а. Әлем халықтары жаңа жылды қалай қарсы алады?

ә. Наурыз мерекесін қай елдер тойлайды?

9. *Көршіңізге төмендегі сұрақтарды қойып, жауабын тыңдаңыз.*

1. Жаңа жылды кіммен қарсы аласыз?

2. Жаңа жылда үйде боласыз ба, қонаққа барасыз ба?

3. Жаңа жылға мерекелік дастархан дайындайсыз ба?

Қандай тағамдар дайындайсыз?

4. Кімдерге құттықтау хаттарын жібересіз?

10. *Жаңа жылға құттықтау хат жазыңыз.*

11. *Шын (Ш) немесе жалған (Ж)*

а. Жаңа жылды қуана қарсы алу - дүниежүзінде ежелден бар дәстүр.

ә. Дегенмен, елдің бәрі бұл мерекені 31 желтоқсанда тойлайтын көрінеді.

б. Үндістанда жаңа жылды қазан-қараша айларының тоғысқан сәтінде тойламайды.

в. Үнділіктердің сенімі бойынша, жаңа жылдың алғашқы күні қалай өтсе, бүкіл жыл солай өтпек.

г. Мьянмада жаңа жыл жылдың ең ыстық мезгіліне сәйкес келеді.

д. Көнеден келе жатқан ұлттық дәстүр бойынша, бұл күні мьянмалықтар бір-бірінің үстіне су құймайды.

ж. Румынияда бұл мейрамды көне тұрмыс-салт әндерімен қарсы алады.

з. Бразилиялықтар жаңа жылды тек қана ақ түсті киіммен мерекелемейді.

е. Голландияда мерекелік дастарханға міндетті түрде ішіне мейіз салынып пісірілген күлше нан қойылмайды.

12. *Мәтінге жоспар құрастырып, мазмұндаңыз.*

Болашақ бүгіннен басталады

2030 жылға қарай Қазақстан Орталық Азия Барысына айналады. Барыс – өзіне тән тектілігімен, бұлалығымен, алғырлығымен, жасқануды білмейтін тәкаппарлығымен, батылдығымен, айлалығымен дараланады.

Ол өз ұрпағын баулыған кезде оны баса - көктей келген қонақтардан қорғай отырып, аузындағы дәмдісін соның аузына тосуға, оның саулығына, өресі мен пайымына нәр беруге тиіс, сөйтіп кез келген ортадағы қатаң бәсекелестік жағдайында ерте сақайып, өз бетінше дербес өмір сүруге жетелеп, көрегендік танытады.

Ол өзі ішетін тұнық судың лайланбауын, ал өз аясында тіршілік ететін табиғат пен тыныстайтын ауасының жақсаруын қатаң қадағалап отыратын болады. Қазақстандық Барыстың бойына дамудың алдыңғы қатарлы үздік деңгейіне үстелген батыстың талғампаздығы да, шығыстың кемеңгерлігі мен төзімділігі де тән болуға тиіс.



2030 жылғы осындай Қазақстан өзінен-өзі пайда болмайды. Оны біз өз қалауымызбен және табысқа жетуге талпынған ерік жігеріміз арқылы тұрғызамыз. Егер біз осы мүмкіндікті сәтімен пайдалана алмасақ, егер біз болашағымызға жоспар

құрмай және іс - қимылдарды іске асырмай, күндер мен апталарды уысымыздан шығарып алсақ, егер сәтсіздікке ұшырасақ, онда өзімізден басқа ешкімге кінә арта алмаймыз.

Салауатты және гүлденген экономика құрмайынша, біз қуатты мемлекет пен қарулы күштер құра алмаймыз, демографиялық, экологиялық және әлеуметтік міндеттерді шеше алмаймыз, әрбір адамның жеке басының қадір - қасиеті мен әл - ауқатын арттыра алмаймыз.

Жастар - еліміздің болашағы. Қоғамның қалыптасып, алға басуы жеткіншектердің қолында. Сондықтан да жастар көзқарастарын ортамен бөлісіп, үлестерін қосып тұрулары тиіс. Бұл ұстанымды билік тарапы қолдап, мұрындық болып та жүр. «Жастар – біздің болашағымыз» деген ұстаным еріннің ұшымен айтыла салатын кезекті шығарыпсалма сөз емес, шын мәнінде терең мағыналы тұжырым. Ертеңгі күні елдің тағдыры солардың қолына көшеді. Олар дүниеге селқос қарайтын тобыр емес, белгілі дәрежеде саналы, ұйымдасқан, білімді, тәртіпті саналы болулары тиіс. Ал қоғамның дамуы жолында олардың жасампаздық әлеуетін орынды пайдалана білу мемлекеттік саясаттың ажырамас бөліктерінің бірі деп айтуға болады.

Осы орайда Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «XXI ғасырда болашақты өзіміз жасау керек екендігіне көзіміз жетті. Болашақ өздігінен жаман, я жақсы болуы мүмкін емес, ол-біз қалай жасасақ, сондай болады», - деген. Сондықтан да бүгінгі жастар ертеңгі еліміздің зиялы қауымының әлеуеті екенін ескере отырып, оның бүгінгі жоқ-жітігіне, күнделікті мәселелеріне жіті көңіл аударуымыздың маңызы аса зор.

Тапсырмалар:

1. Мәтінді оқып, аударыңыз.

2. Мәтін мазмұнын еске түсіре отырып, келесі сөздердің аудармасын жазып алыңыз, есте сақтаңыз.

жеткіншек – подрастающее поколение

көзқарас – взгляд

үлес – вклад

тұжырым – вывод, заключение

жасампаздық – созидательность

әлеует – возможность

зиялы қауым - интеллигенция

тектілік – знатность

алғырлық – стремительный

тәкаппарлық – гордость

батылдық – смелость

айлалық – хитрость

ұрпақ – поколение

өре – интеллект

пайым – ум

талғампаздық – чувствительность

төзімділік – терпение

қуатты мемлекет – сильное

государство

3. Мәтінде кездесетін сөздердің түсіндірмесін жазып, аударыңыз, есте сақтаңыз.

Алға басу - өркендеп өсу, даму.

Үлес қосу – пайда келтіру, дамыту.

Мұрындық болу – істі ұйымдастырушы, ұйытқы болу.

Көшбасшы – үлгі, өнеге беруші, жаңа бағыттың бастаушысы.

Еріннің ұшымен айту – босқа айту.

Селкос карау – немқұрайлы карау

4. Сөйлемдерді орыс тілінен қазақ тіліне аударыңыз.

1) Барс различается своей значимостью, гибкостью, стремлением, непоколебимой гордостью, смелостью и ловкостью.

2) Казахстанскому Барсу должны быть свойственны передовые качества запада, основанные на последних достижениях развития, мудрость и терпение востока.

3) Такой Казахстан к 2030 появится не сразу и не сам по себе

4) Его будем строить мы своими желаниями и силами устремленные к благополучию.

5. Берілген сөз тіркестерімен сөйлем құрастырыңыз.

Толғандырып жүрген мәселе, тәлім алу, еліміздің болашағы, үлес қосу.

6. Мәтін бойынша сөздерді бірнеше рет қайталаңыз. Мағынасын мәтін бойынша түсінуге тырысыңыз және өзара талқылаңыз.

барыс	ұрпақ
тектілік	өре
бұлалық	пайым
алғырлық	талғампаздық
тәкаппарлық	кемеңгерлік
батылдық	төзімділік
айлалық	
қуатты мемлекет	

7. Сөйлемдерге «иә» немесе «жоқ» деп жауап беріңіз.

1. 2030 жылға қарай Қазақстан Орталық Азия Барысына айналады.
2. Тектілік, бұлалық, алғырлық, жасқануды білмейтін тәкаппарлық, батылдык, айлалық барысқа тән ерекшелік.
3. Барыс өз ұрпағын баса – көктей келген қонақтардан қорғай отырып, аузындағы дәмдісін соның аузына тосып тәрбиелейді.
4. Барыс өз ұрпағының саулығына, өресі мен пайымына нәр беріп, кез келген ортадағы қатаң бәсекелестік жағдайында ерте сақайып, өз бетінше дербес өмір сүруге жетелеп, көрегендік танытады.
5. 2030 жылғы осындай Қазақстан өзінен - өзі пайда болады.
6. Талғампаздық пен кемеңгерлік барыстың бойынан табылуы тиіс киелі қасиет болып есептеледі.

8. Мәтінді еске түсіріңіз және баламасын табыңыз.

Тәрбиелеу, баптау, үйрету ----- баулу

Ерте есею ----- ерте сақаю

Алдын ала білу, болжау ----- көрегендік таныту

Сәтті пайдаланбау, жіберіп алу ----- уысымынан шығарып алу

Жолы болмау, күйзелу ----- сәтсіздікке ұшырау

Кінәлау ----- кінә арту

Дамыту ----- арттыру

9. Орысша берілген фразаларды қазақшаға аударып отырып, диалогке қатысыңыз.

- Қайырлы күн!

- Қайырлы күн! Қош келдіңіз!

- Мен қазақ радиосының тілшісімін. Сізден «Қазақстан-2030» туралы сұхбат алайын деп едім. Рұқсат па?

- Конечно, к 2030 году мы представляем Казахстан в образе Центрально-Азиатского Барса.

- Барыс несімен ерекшеленеді?

- Барс различается знатностью, гибкостью, стремлением, непоколебимой

- гордостью, смелостью и ловкостью.
- Мұндай қасиеттер біздің Қазақстан үшін қазір өте қажет деп ойлайсыз ба?
 - Да, я считаю, что именно эти качества нужны Казахстану.
 - Қазақстан болашақ ұрпақ тәрбиелеуде қандай жолды таңдауы керек?
 - Мы должны с сегодняшнего дня заботиться о здоровье, об интеллектуальном развитии наших детей. Мы должны показать прозорливость, обучая наше поколение взрослеть пораньше в условиях строгой конкуренции и приучать к самостоятельной жизни.
 - Қазақстанның экологиялық жағдайы қандай болмақ?
 - Казахстан в образе барса будет следить, чтобы чистая вода не стала мутной, чтобы воздух, которым он будет дышать, стал чище.
 - 2030-шы жылдағы Қазақстанға жету үшін не керек?
 - Казахстанскому Барсу должны быть свойственны передовые качества запада, основанные на последних достижениях развития, мудрость и терпение востока.
 - 2030-дағы Қазақстанды кім тұрғызады?
 - Его будем строить - мы своими желаниями и силами устремленные к благополучию.
 - 2030-дағы Қазақстанды құруды неден бастау керек?
 - Прежде всего мы должны построить здоровую и процветающую экономику. До тех пор, пока мы не построим здоровую и процветающую экономику, мы не можем построить сильное государство, Вооруженную Силу и не сможем решить демографические, экологические, социальные задачи, не сможем добиться уважения достоинств и благосостояния каждого человека в обществе.
 - Бүгінгі Қазақстанға қандай тілек айтасыз?
 - Желая, чтобы все казахстанцы приложили руки к строительству будущего Казахстана.

- Тілегіңізге және сұхбатыңызға көп рахмет! Сау болыңыз!

- До свидания!

10. *Сіз тілшісіз, көшеде адамдардан ХХІ ғасыр жастары жайында не ойлайтыны туралы сұраңыз.*

- Сәлеметсіз бе, сіздің ойыңызша, ХХ ғасыр мен ХХІ ғасырдың жастарының арасында айырмашылық бар ма?

- Сәлеметсіз бе, менің ойымша, ХХ ғасырдың жастары ..., ал ХХІ ғасырдың жастары ...

(диалогті жалғастырыңыз)

11. *Мәтінді ауызша мазмұндауға дайындалыңыз. Ол үшін сұрақтар құрастырыңыз, жолдасыңыздың жауабын тыңдаңыз.*

12. *Мәтінге жоспар құрастырып, мазмұнын айтып беріңіз.*

Қазақстандағы білім беру жүйесі

Республиканың білім беру жүйесі өзара тығыз байланысты бірнеше баспалдақтардан тұрады: балабақша, жалпы білім беретін мектеп, кәсіби-техникалық училище, арнаулы орта және жоғары орындары, мектептен тыс мекемелер, дипломнан кейінгі білім (магистратура, докторантура), әр түрлі мамандық бойынша жетілдіру курстары.

Жалпы білім беретін мектеп үш сатылы: бастауыш (1-4 сынып), толық емес орта (5-9 сынып), және толық орта (10-11 сынып).



Бірінші және екінші сатылы білім міндетті. Ал үшінші сатыны жалпы білім беретін күндізгі немесе кешкі мектептерде, кәсіби-техникалық, арнаулы орта білім беретін оқу орындарында жалғастыруға болады. Орта білім алудың қазіргі кездегі жаңа

түрлері: белгілі бір пәнді тереңдетіп оқытатын мектептер, гимназия, лицейлер, жеке меншік мектептер көптеп пайда болуда.

Республикада 250 арнаулы орта білім беретін оқу орындары бар, онда 200 мыңнан астам оқушы оқиды.

Ал жоғары білім беру жүйесінде 100 шақты мемлекеттік және мемлекеттік емес оқу орны тіркелген. Олардың ішінде Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетін, Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетін, Қазақ мемлекеттік басқару академиясын, Әлем тілдері университетін ерекше атауға болады.

Қазақстан Республикасында жоғары білім беру реформасы ескі мектеп жүйесінің бұзылуынан емес, мемлекеттік емес оқу орындарының жаппай өркен жаюынан (дамуынан) басталды. Бұл мәселеге Республикамыздың Конституциясы, жоғары білім беру туралы Заң және мемлекеттік саясаттың білім беру саласындағы Тұжырымдамасы себепкер болды. Бұл құжаттар жеке білім беру жүйесін құру және дамыту үшін заңды негіз болды.

Кейбір жоғары оқу орындарын жекеге ауыстыру және мемлекеттік емес жаңа жоғары оқу орындарын қалыптастыру жоғары мектепті басқарудың құрылымын өзгертіп, білім беру процесін толығымен жаңартуға мүмкіндік берді.

Жеке ЖОО мемлекеттік қолдауға, жоғары білікті мамандарға, педагогикалық элитаға мұқтаж (зәру). Жоғары білім берудің болашағы – мемлекеттік емес жеке мекемелер. Бұған олардың қызметтерінің аздаған тәжірибесі куә. Біздің республикамызда, 50-ге жуық жеке ЖОО бар. Онда 15 мыңнан астам студенттер оқиды.

Жеке ЖОО артықшылығы – пәндер мен оқу тәртібінің жүйесі еркін таңдалынады. Жеке ЖОО-ның даусыз жетістігі – оқытушылардың оқыту жүйесіндегі еркіндігі, яғни студенттер қажет деп тапқан пәндерді оқыту.

Тапсырмалар:

1. *Мәтінді оқып, аударыңыз.*

2. *Келесі сөздер мен сөз тіркестерін есте сақтаңыз.*

тегін – бесплатное

міндетті- обязательное

жекеменшік оқу орындары – частные учебные заведения

ақылы білім – платное образование

кез келген – любой

...жалпыға міндетті қалыптарын белгілейді – устанавливать
общеобязательные стандарты образования

жаппай өркен жаюы – развитие широкой сети

жеке білім беру – частное образование

жоғары білім беру реформасы – реформа высшего образования

мемлекеттік емес оқу орындары – негосударственные учебные заведения

тұжырымдама – концепция

заңды негіз – юридическая база

мемлекеттік қолдау – государственная поддержка

жоғары білікті мамандар – кадры высшей квалификации

мұқтаж, зәру – нехватка

даусыз жетістігі – бесспорное преимущество

түйін жасауға болады – можно сделать вывод

жаңа құрылым – новая структура

3. Берілген сөз тіркестерін аударыңыз және сөйлемдер құрастырыңыз.

Курсы повышения квалификации, вечерняя школа, частная школа, специальное среднее учебное заведение, школа с углубленным изучением предмета, трехступенчатая общеобразовательная школа, продолжать учебу, государственный университет им. Абая, Казахская государственная академия управления, бесплатное образование, получение платного образования, учиться в частном учебном заведении, поступать в любой вуз, получить среднее образование, поступить в институт на конкурсной основе.

4. «Оқуға кештік жоқ», «Білім – қуат». Осы мақалдар бойынша көршіңізбен сөйлесіңіз.

5. Қазақстандағы білім беру жүйесі туралы пікір алысыңыз.

6. Өзіңіз білім алып жүрген жоғары оқу орны туралы шағын шығарма

жазыңыз.

7. Төмендегі сөйлемдерді орыс тіліне аударыңыз.

1. Азаматтардың мемлекеттік оқу орындарында тегін орта білім алуына кепілдік беріледі. Орта білім алу міндетті.
2. Азаматтың мемлекеттік жоғары оқу орнында конкурстық негізде тегін жоғары білім алуға құқығы бар.
3. Жекеменшік оқу орындарында ақылы білім алу заңмен белгіленген негіздер мен тәртіп бойынша жүзеге асырылады.
4. Мемлекет – білім берудің жалпыға міндетті қалыптарын белгілейді. Кез келген оқу орнының қызметі сол қалыптарға сай болуы керек.

8. Мәтін бойынша пікір алысыңыз.

9. «Білім алуға жұмсалған ақша – сақталған ақша». Ойларыңызды айтыңыз.

10. Сөйлемдерді толықтырыңыз.

1. Жоғары білікті мамандар
2. Қазіргі кезде басты мәселе
3. Біздің республикамызда
4. Жоғары білім берудің болашағы
5. Білім беру процесін
6. Жоғары оқу орындары
7. Республикамыздың Конституциясында

11. Мәтін бойынша сұрақ құрастырып, мазмұнын айтуға тырысыңыз.

Қазақстанның экономикалық топтары

Қазақстанның түрлі аймақтарының экономикалық жағдайын талдай отырып, алты экономикалық топты бөліп шығаруға болады. Оларға нақты белгілері бойынша облыстар кіреді. Осы топтарды қарастырайық.

Бірінші топты өнеркәсібі дамыған, табиғи минералдық **шикізат** ресурстарына бай облыстары құрайды. Олардың базасында жергілікті шикізатты пайдаланатын ірі өндіру және өңдеу кәсіпорындары салынған. Сонымен, бұл аймақтарда өңдеу өнеркәсібінің жекелеген салалары – машина жасау, жеңіл және тамақ өнеркәсібі дамыды. Бұл топқа Шығыс Қазақстан,



Қарағанды және Павлодар облыстары жатады.

Аймақтардың екінші тобына табиғи ресурстарға бай және ауыл шаруашылық алқаптары жетерлік Ақтөбе, Жамбыл, Қостанай және Оңтүстік Қазақстан облыстары кірді.

Үшінші экономикалық топқа Атырау және Маңғыстау облыстары жатады. Бұл облыстар көмірсутек минерал ресурстарына бай. Солай бола тұра, оларда **ауыл шаруашылығы дамыған**, өнеркәсіпте дәстүрлі қалыптасқан салалар үстемдік етеді.

Төртінші топқа Батыс Қазақстан мен Солтүстік Қазақстан облыстары кіреді. Оларда машина жасау басым дамуға ие болған, көлемі жөнінен ауыл шаруашылық алқаптары да жеткілікті. Осының бәрі бұл облыстардың өнеркәсіптік – аграрлық бағытын анықтайды.

Бесінші топ. Бұл топқа аграрлық облыстар кіреді. Олар: Ақмола, Алматы және Қызылорда облыстары. Бұнда өнеркәсіптің үлес салмағы аз. Бұл облыстардың өнеркәсібі машина жасау, жеңіл және тамақ кәсіпорындары арқылы көрініс тапты.

Соңғы алтыншы топты республикаға тікелей бағынатын қалалар құрады. Бұл – Алматы мен Астана. Бұларға қызмет өрісінің жаңа салаларына аз тартылған экономика, өскелең қаржылық сектор және жоғары ғылыми – техникалық әлеует тән. Алматы қаласында машина жасау, жеңіл және тамақ өнеркәсібінің ірі **кәсіпорындары** салынған. Астанада ауыл шаруашылық өнімдерінің қайта өңдеу өндірістері ауыл шаруашылығы үшін машина мен техникалар шығару жөніндегі кәсіпорындар орналасқан.

Тапсырмалар:

1. Мәтінді оқып, аударыңыз.

2. Келесі сөздер мен сөз тіркестерін есте сақтаңыз.

өнеркәсібі дамыған – с развитой промышленностью

шикізат – сырье

өндіру және өңдеу кәсіпорындары – предприятия по производству и переработке

жеңіл өнеркәсіп – легкая промышленность

тамақ өнеркәсібі – пищевая промышленность

көмірсутек – углевод

ғылыми – техникалық әлеует – научно – технический потенциал

3. Қостанай облысының өнеркәсібі туралы толық мәлімет жинаңыз.

4. Қарамен жазылған сөздермен сөйлем құрастырыңыз.

5. Мәтіндегі тәуелдік жалғауы бар сөздерді табыңыз.

6. Сөйлемдерді орыс тіліне аударыңыз.

1) Қазақстан Республикасының әрбір азаматы бірнеше тілді меңгерген, экономиканы, заңды жақсы білетін білікті маман болуды ниет етеді.

2) Қазақстан Республикасы азаматтарының алға қойған мақсаты – тәуелсіз Қазақстанды гүлденген, дамыған, өркениетті елге айналдыруға қызмет ету.

- 3) Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Қазақстан Республикасын әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына қосу туралы бастамасын қолдаймыз.
- 4) Қазақстанда тұратын ұлттар мен ұлыстардың қалауы – өзара татулықта, ынтымақтастықта, бірлікте, достық қарым – қатынаста болу.
- 5) Еліміздің экономикасы ойдағыдай дамуы үшін кәсіпқой мамандарды дайындау бүгінгі күннің қажеттілігі.

7. *Мәтін бойынша 6 сұрақ құрастырып, көршіңізбен сұхбаттасыңыз.*

8. *Сөздерді рет- ретімен қойып, сөйлем құрастырыңыз.*

Қазақстан, азаматтарының, гүлденген, алға, айналдыруға, қызмет ету, қойған, Республикасы, өркениетті, мақсаты, тәуелсіз, дамыған, елге Қазақстанды.

9. *Төменде берілген сөздерді аударыңыз, сөйлемдер құрастырыңыз.*

әрбір азаматы –
білікті маман –
бірнеше тілді меңгерген –
алға қойған мақсаты –
гүлденген, дамыған, өркениетті –
бәсекеге барынша қабілетті –
ұлттар мен ұлыстардың –
кіші және орта бизнесті –
кәсіпқой мамандарды –
бүгінгі күннің қажеттілігі –

10. *Мәтіннің ішінен етістіктің рай тұлғаларын тауып, белгілеңіз.*

11. *Мәтіннен үш синонимдік қатарды тауып, белгілеңіз.*

12. *Мәтінді мазмұндап беріңіз.*

«Қазақстантану» тақырыбы бойынша білім деңгейіңізді тексеріңіз

1. Мемлекеттік рәміздердің болмысын мағынасын жақсы білу кімнің парызы?
 - a. бәріміздің, әсіресе жас ұрпақтың
 - b. нәрестелердің
 - c. шетелдіктердің
 - d. өсімдіктердің
 - e. жанұялардың
2. Мемлекеттік туымыздың түсі қандай?
 - a. жасыл
 - b. зеңгір көк
 - c. ақ түс
 - d. сары түс
 - e. қызыл түсті
3. Зеңгір көк түс неше түстің бірі?
 - a. алты түстің
 - b. көп түстің
 - c. жеті түстің
 - d. бір түстің
 - e. бірнеше түстің
4. Көк түс ненің белгісі?
 - a. жер мен ағаштың
 - b. қарға мен торғайдың
 - c. жапырақ пен шөптің
 - d. ауа мен судың
 - e. көбелек пен қоңыздың
5. Геральдист Ансельм жасаған кесте бойынша көк түс ненің белгісі?
 - a. ақылдың, еркіндіктің
 - b. ақымақтық пен әдепсіздіктің
 - c. сараңдықтың, әсемдіктің
 - d. сүйкімділік пен әдептіліктің
 - e. адалдықтың, тазалықтың
6. Бір түсті – көк ненің идеясын білдіреді?
 - a. мемлекеттік тұтастық
 - b. мемлекеттік елтаңба
 - c. мемлекеттік ту
 - d. мемлекеттік тіл
 - e. мемлекеттік әнұран
7. Тудағы күн бейнесі ненің белгісі?
 - a. берекесіз және сараңдықтың
 - b. байлық пен берекенің
 - c. еңбекқор мен жалқаулықтың
 - d. бақытты және сымбаттылық
 - e. іскерлік пен беделдіктің
8. Тудағы қыран ненің белгісі?
 - a. қарапайымдық бейнесі
 - b. тартымды бейне
 - c. еркіндік бейнесі
 - d. бақытты бейне
 - e. ұлттық бейне

9. Ұлттық өрнек – қазақ халқының
несін білдіреді?

- a. мектеп оқушыларын
- b. халық ақындарын
- c. бүкіл халықты
- d. мәдениетін және көркем танымын
- e. поэтикалық жазушыларын

10. Мемлекеттік туымыздың авторы кім?

- a. сәулетші – Шота Уәлиханов
- b. композитор – Құрманғазы Сағырбаев
- c. күйші – Қорқыт ата
- d. ғалым – Шоқан Уәлиханов
- e. суретші – Шәкен Ниязбеков

11. Біздің елтаңбамыз ненің ішінде?

- a. шеңбердің
- b. үйдің
- c. қаланың
- d. пәтердің
- e. қораптың

12. Шеңбер мағынасы нені білдіреді?

- a. отандық
- b. тіршілік, шексіз өмір
- c. азаматтық
- d. адал өмір
- e. сезім

13. Елтаңбадағы ең негізгі белгі не?

- a. уық
- b. керегі
- c. шаңырақ
- d. жиһаз

e. өнеркәсіп

14. «Шаңырақ» деген сөз қандай
ұғымдарды білдіреді?

- a. киіз үй, өмір
- b. халық, мәдениет
- c. мәдениет, өнер
- d. үй, Отан
- e. табиғат, климат

15. Дұрыс жауабын табыңыз:

«Отан ... басталады»

- a. қаладан
- b. көшеден
- c. базардан
- d. мектептен
- e. отбасынан

16. Шаңырақ әлімдік геральдика
тарихында неше рет пайдаланып
отырған бейне?

- a. тұңғыш рет
- b. көп рет
- c. екінші рет
- d. үнемі
- e. тұрақты

17. Елтаңба композициясында
тағы нелер бейнеленген?

- a. ай мүйізді ешкі
- b. ай мүйізді алтын қанатты қос
пырақ
- c. мүйізді қой
- d. қошқар мүйіз

е. сыңар мүйіз

18. Елтаңбадағы ең басты белгінің бірі...

a. ай мен жұлдыз

b. жұлдыз бен аспан

c. бес бұрышты жұлдыз бен елдің аты

d. алтын ай мен көгілдір аспан

e. алтын жұлдыз бен елдің тарихы

19. Елтаңбаның негізгі бояуы қандай түс?

a. күміс

b. мыс

c. темір

d. алтын

e. қызыл

20. Мемлекеттік елтаңбамыздың авторлары кімдер?

a. жазушы – Ыбырай Алтынсарин

b. ағартушы – Абай Құнанбаев

c. ғалым – Шоқан Уәлиханов

d. суретші - Әбілхан Қастеев

e. сәулетші – Жандарбек Мәлібеков пен

Шота Уәлиханов

21. Еліміз тәуелсіздікті қашан алды?

a. 1991 жылы желтоқсан айының 16 - сында

b. 1990 жылы мамыр айының 19 - ында

c. 1993 жылы қараша айының 15 - інде

d. 1936 жылы қазан айының 25 - інде

e. 1937 жылы наурыз айының 5 - інде

22. Тәуелсіздік халыққа не берді, не береді?

a. еркіндік, жетістік

b. жұмыс, табыс

c. бейбітшілік, өмір

d. ақша, алтын

e. еңбек, табыс

23. Тәуелсіздіктің қандай белгілерін білесіз?

a. елтаңба, ту, әнұран, теңге

b. табыс, ақша, жалақы

c. түбір, етіс, сөз таптары

d. халық, мәдениет, жаңа ғасыр

e. жалау, белгі, таңба, еңбек

24. Теңгенің туған күні қашан?

a. 1991 жылы желтоқсан айының 16 - сында

b. 1990 жылы мамыр айының 19 - ында

c. 1993 жылы қараша айының 15 - інде

d. 1936 жылы қазан айының 25 - інде

e. 1937 жылы наурыз айының 5 - інде

25. Ұлттық теңгеміздің авторлары кімдер?

a. Жандарбек Мәлібеков пен

Шота Уәлиханов

b. Қайролла Ғабжалилов пен Меңдібай
Әлин

с. әнші - Күләш Байсейітова мен
Бибігүл Төлегенова

d. күйші - Қорқыт ата мен Сүйінбай
Аронұлы

e. суретші - Шәкен Ниязбеков пен
Әбілхан Қастеев

26. Дұрыс жауабын табыңыз «... **сомын
болғанша, ... досың болсын**»

a. рубль

b. мың

c. миллион

d. теңге

e. жүз

27. Теңгенің тұрақты болуы неге
байланысты деп ойлайсыз?

a. экономикаға

b. халыққа

c. адамдарға

d. жұмысқа

e. саясатқа

28. «Теңге»сөзі қай тілден енген ?

a. араб

b. парсы

c. орыс

d. түрік

e. латын

29. Қазақстан Республикасы қай
жылы құрылды?

a. 1919 ж.

b. 1917 ж.

c. 1920 ж.

d. 1925 ж.

e. 1930 ж.

30. Дұрыс жауабын табыңыз.

*Қазақстан батысы мен
солтүстігінде оңтүстігінде
, шығысында шектеседі.*

a.Ресеймен, Түркіменстанмен,
Өзбекстан және Қырғызстанмен,
Қытаймен.

b.Қытаймен, Түркіменстанмен,
Өзбекстан және Қырғызстанмен,
Ресеймен.

c. Өзбекстанмен, Ресеймен,
Қытаймен, Қазақстанмен.

d.Түркіменстанмен, Иранмен,
Үндістанмен, Жапониямен.

e.АҚШ–пен,Германиямен,
Маңғыстаумен.

31. Қазақстанның өзендері ...

a. Балқаш

b. Ертіс, Жайық, Шу, Сырдария

c. Арал, Каспий

d. Зайсан

e. Ыстықкөл

32. Қазақстан Республикасының аумағы (шаршы шақырым)

- a. 5млн 724мың
- b. 1млн 724мың
- c. 2млн 728мың
- d. 3млн 274мың
- e. 2млн 724мың

33. Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі?

- a. орыс
- b. қазақ
- c. түрік
- d. өзбек
- e. қырғыз

34. Қазақстан Республикасының Елордасы

- a. Қызылорда
- b. Тараз
- c. Алматы
- d. Астана
- e. Семей

35. Қазақстан Республикасының мемлекет басшысы

- a. хан
- b. президент
- c. сұлтан
- d. шах
- e. премьер-министр

36. Қазақстан Республикасының ақша бірлігі

- a. теңге
- b. рубль
- c. сом
- d. сум
- e. доллар

37. Қазақстан Республикасының заң шығаратын жоғары органы

- a. сенат
- b. мәжіліс
- c. маслихат
- d. парламент
- e. президент

38. Қазақстан Республикасының халқының саны

- a. 17 млн
- b. 15 млн
- c. 13 млн
- d. 14 млн
- e. 16 млн

39. Қазақстан Республикасы Еуразияның қай бөлігінде орналасқан?

- a. солтүстік
- b. батыс
- c. орталық
- d. шығыс
- e. оңтүстік

40. Қазақстан Республикасында қазақтардың саны (пайыз бойынша)

- a. 49,7
- b. 47,8
- c. 50,3
- d. 52,3
- e. 63

41. Қай жылы елорда Астана қаласына көшірілді?

- a. 1991 ж
- b. 1997 ж
- c. 1998 ж
- d. 1995 ж
- e. 1996ж

42. Республиканың егемендігі туралы Декларация қай жылы қабылданды?

- a. 1991
- b. 1990
- c. 1992
- d. 1993
- e. 1994

43. Қазақстан Республикасы солтүстігінде қай мемлекетпен шектеседі?

- a. Ресеймен
- b. Қырғызстанмен
- c. Қытай мемлекетімен
- d. Түркіменстанмен
- e. Өзбекстанмен

44. Қазақстан Республикасы зайырлы, демократия... және бірт... тас мемлекет болып

- a. лық, ұ, табылады
- b. тық, ұ, келеді
- c. дық, ү, тұрады
- d. лық, ы, шығады
- e. лық, ұ, кездеседі

45. Қазақстан Республикасы шығысында қай мемлекетпен шектеседі?

- a. Қытай
- b. Ресей
- c. Өзбекстан
- d. Қырғызстан
- e. Түркіменстан

46. Қазақстан Республикасы батысында қандай теңізбен шектеседі?

- a. Каспий
- b. Арал
- c. Балхаш
- d. Шу
- e. Іле

47. Қазақстанның табиғаты

- a. ыстық континентті
- b. шұғыл континентті
- c. жылы континентті
- d. қоңыржай
- e. шөлді құрғақ

48. Астана қай өзеннің оң жағалауында
орналасқан

- a. Есіл өзені
- b. Іле өзені
- c. Ертіс өзені
- d. Тобыл өзені
- e. Обаған өзені

49. Наурыз қандай мереке?

- a. Жыл басы
- b. діни мереке
- c. ұлттық мереке

- d. жылдың соңғы айы
- e. оқу жылының ортасы

50. Мына сөйлемнің қазақша
аудармасын табыңыз:

« *Это моя Родина* »


- a. Отанды қорға.
- b. Отансыз адам жоқ.
- c. Отаным мәңгі жасасын!
- d. Бұл менің Отаным.
- e. Ұлы Отаным - қорғаным!

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Б.Б. Белғара, Н.Ж. Құрманова. «Жаңа толқын». Мемлекеттік тілді жеделдете оқыту оқу - әдістемелік кешені. Астана: 2009. – 210 б. I; II; III деңгей.
2. А.Ш. Бектұрова, Ш.К. Бектұров. Казахский язык для всех. Алматы: Атамұра, 2007. – 720 б.
3. З.Кузеева, Ш.Құрманбай. Қазақ тілі. Жоғары оқу орындарының халықаралық қатынас факультетіне арналған. Алматы: «Ана тілі», 2011. – 160 б.
4. Қ. Ибрагимов. Қазақ тілі. Орыс тілінде жүретін топтарға арналған. Алматы: ШЫҢ - КІТАП, 2007. – 125 б. I; II; III деңгей.
5. Қ. Жүнісбеков. Қазақ тілі. Пособие для изучающих казахский язык. – Алматы: Рауан, 2009. – 288 б.
6. З. М. Сағитова. Кәсіптік қазақ тілі. Көкшетау: «Келешек 2030», 2008. – 102 б.
7. А.С. Сейдимбеков. Қазақ тілі. «Болашақ», 2010. – 132 б.
8. «Қазақ тілін үйренейік» журналы. Қарағанды қаласы. 2008. - № 10 (42); 2010. - № 5 (25); № 11 (43); 2007. - № 1 (33); № 3 (36); 2008. - № 10 (18).
9. Ғылыми-педагогикалық басылым. Қазақ тілі мен әдебиеті. 2008 ж. № 7, 2009 ж. № 9; 2010 ж. № 2; 3.
10. Ж. Мұсаұлы, Р. Әмренова. Қазақ және орыс тілінің салыстырмалы грамматикасы (оқу құралы). – Көкшетау: «Келешек 2030» ЖШС, 2009

МАЗМҰНЫ

Түсініктеме.....	3
Қазақстан Республикасы туралы жалпы мәлімет.....	5
Туған елім менің – Қазақстаным.....	8
Қазақстан.....	12
Қазақстан Республикасының табиғаты.....	15
Адам және табиғат.....	18
ЖЕР - АНАНЫ аяла.....	23
Қазақстанның климаты.....	27
Қазақстанның халқы.....	30
Қазақ деген халықпыз.....	33
Қазақ - қонақжай халық.....	37
Алаштың Ақордалары.....	41
АСТАНА – Сарыарқа төріндегі Қазақстанның шамшырағы.....	45
Астана.....	48
«Қазақ елі» монументі.....	52
Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері.....	55
Ақшаның мәні мен маңызы.....	59
Шаңырақ. Қазақтың киіз үйі.....	64
Қазақ халқының ежелгі баспанасы.....	69
Қазақ музыкасы - өмір айнасы.....	73
Жаңа қазақ киносы.....	76
НАУРЫЗ – жыл басы.....	79
Әлемге ортақ мереке.....	82
Болашақ бүгіннен басталады.....	86
Қазақстандағы білім беру жүйесі.....	91
Қазақстанның экономикалық топтары.....	95
«Қазақстантану» тақырыбы бойынша білім деңгейіңізді тексеріңіз.....	98
Пайдаланылған әдебиеттер.....	105
Кластер «Қазақстан Республикасы»	107



Учебное пособие рекомендовано для студентов направлений подготовки 45.03.01 Филология, профиль подготовки Отечественная филология, Зарубежная филология; 45.03.02 Лингвистика; специальности 45.05.01 Перевод и переводоведение, а также для всех лиц, желающих самостоятельно изучать казахский язык.

Указанное издание было отобрано для представления на Парижском книжном салоне. Аннотация пособия вошла в каталог Международного Парижского книжного Салона (20-23 марта 2015 г.). Данное пособие также было представлено на 28 Московской международной книжной выставке-ярмарке. (2-6 сентября 2015 г.).

Подписано в печать 25.01.2016

Заказ № 4

Формат 60 x 84 1/16

Бумага офисная.

Печать офсетная.

Объем 6,75 усл. п. л.

Тираж 100 экз.

Отпечатано

в ТОО «New Line Media»

г. Костанай, пр. Аль-Фараби, 115, оф. 512

тел.: 8 (7142) 53-11-47, 53-06-71

nlmedia.kz, geosprint@mail.ru